

# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau\_offset@mail.ru  
alatau.aqparat  
alatau.gazeti

УЛЫҚ МЕРЕКЕ

# ҚҰРБАН АЙТ АЙТТЫҒЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ҚҰРБАН - АРАБ ТІЛІНДЕ «ЖАҚЫНДАУ», ЯҒНИ ЖАСАҒАН САУАП ІСТЕР АРҚЫЛЫ ЖҮРЕКТІ ТАЗАРТЫП, АЛЛАҒА ЖАҚЫНДАЙ ТҮСУ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ. АЛ ШАРИҒАТТАҒЫ ТЕРМИНДІК МАҒЫНАСЫ - «ШАРТТАРЫМЕН САНАСА ОТЫРЫП, ҚҰЛШЫЛЫҚ НИЕТІМЕН МАЛ БАУЫЗДАУ» ДЕГЕНГЕ САЯДЫ.

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ  
ТАЛДЫҚОРҒАН Өңірі бойынша өкілдігі  
TAGLYM.KZ

**ҚҰРБАН АЙТТА:**  
-Тәкбір ташриқ айту  
-Айт намазға қатысу  
-Құрбан шалу

**ҚҰРБАНДЫҚҚА:**  
-Уақ малдан қой-ешкі  
-Ірі қарадан сиыр, түйе

**АЙТТЫҢ ӘДЕПТЕРІ:**  
-Жаңа, таза киім кию  
-Мисуак қолдану  
-Ғұсылдану  
-Хош иіс қолдану  
-Айтқа ерте бару  
-Жаяу бару  
-Бір-бірін құттықтау  
-Туыстарды аралау  
-Сәбилерді қуанту

**Құрбан айт**  
**МҮБӘРАК**  
**БОЛСЫН!**

мүйізі немесе бір мүйізі түбінен түсіп қалған болса, сондай-ақ желін ұшының түсіп қалуы, жетекке көнбейтін, үйірге қосуға жарамайтындай асау немесе ауру екендігі анық белгілі болса.

Қой немесе ешкі іспетті ұсақ малды тек бір адам ғана, ал түйе немесе сиыр секілді ірі-қара малдарды бір кісіден жеті адамға дейін бірігіп соя алады. Және біріккен кісілердің барлығының ниеті құрбандық құлшылығын өтеу мақсатында болуы керек. Егер де осы адамдардың ішінен біреуі құрбандыққа тек етін алу ниетімен қосылса, барлығының да құрбандығы қабыл болмайды. Сонымен қатар, құрбандық малды кез-келген адамның дүниеден озған туысының немесе қадір тұтқан кісілердің, құрбандық жасауға жағдайы жоқ адамдардың атынан бөлек құрбандық шалып, сауабын бағыштау рұқсат етіледі.

Шариғат бойынша нисап мөлшеріндегі, яғни 85 грамм алтынға тең ақшасы бар, бас бостандықтағы, ақыл-есі бүтін, жолсапарда емес мұсылманға құрбан шалу уәжіп етілген. Ал құрбандық шалуға шамасы жоқ мұсылмандар, ниеттері арқылы сауапқа жете алады. Хадистерде «мұсылман баласының ниетінің тазалығына қарай сауабы беріледі», «оның ізгі ниеті амалынан қайырлы» деп айтылған. Яғни, қай істе болмасын мұсылман баласын ниетін таза ұстауға шақырады. Сол себепті «Раббым, мүмкіндік нәсіп еткеніңде мен де құрбандық шалар едім» - деген ниетте болса, мейірімді Раббымыз оған да құрбандық шалған жанның сауабындай сауап береді.

Жалғасы 2-бетте. ▶

Хадистерде жылдың ең қадірлі күні Құрбан айттың алғашқы күні екендігі айтылған. Пайғамбарымыз (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бұл жайында: «Адам баласы Құрбан айт күні қан шығарудан (құрбандық шалу) басқа абзал амал арқылы Алла Тағалаға жақын болған емес. Құрбандық ретінде шалған малы қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамбай тұрып Алла Тағаланың құзырында ерекше жоғары дәрежеге жетеді. Сондықтан да шын жүректен әрі ризашылықпен құрбандарыңды шалыңдар», - деп құрбандық шалудың қаншалықты жауапты әрі сауапты іс екенін айтқан.

Мұсылмандар бұл мейрамды айт намазын оқумен бастайды. Айт намазына барарда жақсылап (ғұсыл құйынып) жуынып, хош иістерін себініп, әдемі киімдерін киіп барады. Ең бірінші құрбандықтың етінен ауыз тиетіндіктен, еш нәрсе жемей шыққаны абзал. Айт намазы оқылғаннан кейін Алла разылығы үшін шариғат бойын-

ша барша мұсылманға ортақ ғибадат - құрбандық шалынады. Сондықтан бұл құрбандық шалу мерекесі, яғни Құрбан айт деп аталады. Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады.

Алайда, кез-келген мал құрбандыққа жарай бермейді. Құрбандық ретінде шалынатын малдың ерекшеліктері мынадай болуы қажет:

1. Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйе секілді малдар (еркек-ұрғашысы бірдей) жарамды. Ал үйрек, қаз, тауық, түйетауық, елік секілді және тағы басқа да аң-құстар құрбандыққа жарамсыз. Бұларды құрбандық ретінде

шалу харамға жақын мәкрүһ болып табылады. Өйткені мұнда отқа табынушылардың нышаны бар.

2. Құрбандыққа жарайтын қой мен ешкі ең кемі бір жасар болуы қажет. Дегенмен, алты айлық қозы бір жасар қой секілді ірі, қонды болса ол құрбандыққа жарамды. Ал ешкі міндетті түрде бір жасқа, сиыр екі жасқа, түйе бес жасқа толған болуы қажет.

3. Құрбандық малдың дені сау, етті және дене мүшелері түгел болуы керек. Сонымен қатар оның бойында малды құрбандыққа жарамсыз ететін кемшіліктер болмауы тиіс. Атап айтқанда, екі немесе бір көзінің соқыр болуы, бауыздалатын жерге өздігінен жүріп бара алмайтындай әлсіз, көтерем болуы, екі құлағының не бір құлағының басым бөлігі болмауы, тістері түгелдей немесе бір бөлігі түсіп қалған болса, қос

Аңдатпа

ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫ 4-бет



ЖҰМЫСШЫЛАР ҚҰҚЫНЫ ЖИІ БҰЗЫЛАДЫ

МЕРЕЙ 7-бет



АЛМАС ҚЫЛЫШ

ТҮРКІТІЛДЕС ЖУРНАЛИСТЕР ҚОРЫ 8-9-бет



САНАҒА СЕРПІН БЕРГЕН СЕМИНАР

ҮМБЕТӘЛІ КӘРІБАЕВ-130 13-бет



ҮМБЕТӘЛІНІҢ ҚЫТАЙҒА САПАРЫ

## ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

# ҚҰРБАН АЙТТЫҒЫ АЙТТЫҒЫ

## ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Құрбандық шалу ғибадаты Алла Тағала талап еткен, белгіленген мезгілде және орында жасалуы шарт. Сондықтан құрбанның дұрыс болуы үшін діни тұрғыдан оның белгіленген уақытта бауыздалғаны жөн. Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Жарықтандыру жүйесі нашар орындарда түрлі қателіктерге жол бермеу үшін түнде құрбандық шалу мәкрұһ болып саналады. Ал жарықтандыру мүмкіндігі жеткілікті жерлерде түнде де құрбандық шалына береді. Құрбан айтқа арнап сатып алынған мал айт күндері бауыздалмаса, малдың өзін садақа ретінде атау қажет. Үзір себептерге байланысты Құрбан айт намазына бара алмай қалған адам, намаз оқып болатындай уақыт

өткеннен кейін құрбан шала беруіне болады.

Құрбандық шалушы бай болсын, кедей болсын өзінің құрбандығының етін жеуіне болады. Малдың етін үш бөлікке бөліп тарату мустахаб (жақсы амал) саналады. Бір бөлігі - туған-туыстарына және бай болса да көршілеріне таратылады. Екінші бөлігі - кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі - өзінің отбасына, бала-шағасына тиесілі. Халық арасында қан шықса болды деген теріс ұғым қалыптасқан. Шарияғат бойынша құрбандыққа шалынған малдың етін, терісін, сирақ-басы мен сүтін сату не болмаса оларды құрбандық жасалған

жерде лақтырып кету мәкрұһ саналады. Барынша ысырап жасамауға тырысып, құрбандықтың ішек-қарнына дейін пайдаға жаратуға тырысу керек. Ең абзалы малдың етінен бөлек мүшелерін сатып ақшасын мұқтаж жандарға беру. Көрші-қолаң, туыс-туғанды қыдырып, «Айт құтты болсын!»,- деп бір-бірін құттықтайды. Айт күндері мейлінше көтеріңкі көңіл күйде, кешірімді болуға тырысу керек. Ренжіскен кісілер қайта табысып, айт күндері татуласқан жөн. Ауырып жатқан кісілердің көңілін сұрап, арнайы бас сұғу, жетім-жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын беріп, оларға да айттың қуанышын сездіру өте сауапты істерге жатады. Бұған қоса,

өке-шешесіне, отбасындағы жандарға, көрші-қолаң, жора-жолдастарына мүмкіндігінше кішігірім болса да сәлем-сауқат, сый-сияпат жасап, айт мейрамын ерекше өткізуге тырысу керек. Осылай, бүтін мұсылман баласы адамдарды бір-бірінен алыстатпай, қайта жақындата түсуді насихаттап, соған тырысуымыз керек.

Айт күнгі ізгі ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарыңызды Алла Тағала қабыл етсін. Ұлық мереке мұбарак болып, әр отбасына бақыт, береке қонсын!

Биыл Талдықорған қаласы бойынша айт намазы тек орталық «Иман» мешітінде таңғы сағат 7:00-де оқылады.

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

## АТТЫ ӘСКЕРЛЕР ШЕРУІ

Алматы облыстық туризм басқармасының ұйымдастыруымен Үшқоңыр тауының бөктеріндегі «Nomad» этноауылында фестиваль өтті. «Көшпенділер әскери өнерінің апталығына» еліміздегі әскери өнердің қалыптасуының түрлі кезеңдерін қамтитын тақырыптық бағдарламалар ұсынылды.



Тұңғыш елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында өткізілген фестивальдің салтанатты ашылуында тарихи кезеңдерді сомдаған аттылы жауынгерлер шерумен жүріп өтті. Әскери өнердің алуан түрлі әдіс-тәсілін тартымды қойылым арқылы көрсетті. Батырлардың жекпе-жегі, шауып келетін аттың үстінде жасалған түрлі акробатикалық қимылдар, бүркітші, садақшы, көкпаршылардың өнері, ат

құлағында ойнаған шабандоздардың ептілігі көпшілікті тәнті етті. Жер-жерден жиналған қонақтар жауынгер елдің әскери өмір салтымен жан-жақты танысып, ұлы дала төсінде атой салған көшпенді елдің мәдени мұрасына қанық болып қайтты.

Апталық бағдарлама тек атқа міну мәдениетін дәріптеп қана қоймай, жиналғандарды саяхатқа шығумен, жаңды музыкалық қойылымдармен және бүкіл көрермен үшін қызықты шеберлік сыныптарымен қызықтыра білді. Нағыз шеберлердің жасаған қолөнер бұйымдарын, соның ішінде тұрмыстық және зергерлік бұйымдарды тамашалаған қонақтар жоғары талғаммен орындалған кәдесыйларды естелікке алып кетті. Тау бөктерінде дәстүрлі ән-жыр қалықтап, мың бұралған бишілердің өнері шараның көркін қыздыра түсті.

Тур өкілдері ары қарай Шарынға табан тіреп, «Көлсай көлдері» ұлттық табиғи саябағына да атбасын бұрды. Табиғат аясында тыныстап, Тянь-Шань тауының інжу-маржанына тамсанған қонақтар көрікті Көлсаймен қимай қоштасты.

Д. ӘМІР

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Жамбыл ауданы бойынша алдағы қысқа 185 500 тонна шөп қажет болса, соның тең жартысынан астамы бүгінгі күні орылып, сақтау орындарына жинап алынды. Бұл науқанға «Нұр-Агро-Сервис» шаруа қожалығы да білек сыбана кірісті.



## ЖОҢЫШҚА ШЫҒЫМЫ

### ЖОҒАРЫ

Аталған шаруашылық осы жылдың басында ғана Үмбетелі ауылында құрылды. Қожалық шөпшілерінің 60 гектарлық жоңышқа алқабындағы қызу еңбегіне куә болдық. Шаруашылықтың төрағасы Нұрбай Төлешбаев шаруа жайын баяндады. Оның айтуынша, жаңадан құрылған қожалық істі басынан бастапты.

– Жоңышқаның шығымдылығы жоғары, сортты тұқымын Германиядан алдырттық. Көктемде себілген тұқымның алғашқы жемісі осы. Бірінші шабыстың өзінен әр гектардан 5 тоннадан айналуға. Бұл – бірінші шабыс үшін өте жоғары көрсеткіш, – дейді ауданның бас агрономы Қайрат Тойшыбеков.

Жоңышқа алқабы толығымен арықпен суарылады. Нұрбай Молдабекұлы бұл

ретте су шаруашылығының жұмысына ризашылығын білдірді. Су керек мезгілде қажетті мөлшерде бөлініпті. Келесі шабысқа дейін алқап тағы суарылмақ. Жаңа қожалық қажетті техникамен жеткілікті қамтамасыз етілген. Иелігінде төрт бірдей «Беларусь» тракторы бар. Оның екеуі – соңғы үлгідегі заманауи техника. Шөп шабатын комбайны да өнімділігі жоғары, сапалы «Е-300» шөп тайлағыш агрегаты да сайлы.

Қазіргі кезде шөп дайындау ісіне маусымдық жұмысшылар тартылған. Олардың бәрі де сол ауылдың білекті жігіттері.

«Нұр-Агро-Сервис» шаруа қожалығының меншігінде бұдан бөлек 500 гектар жайылым, 200 гектар тәлімі жер бар.

**Серік САТЫБАЛДИЕВ,**  
Жамбыл ауданы

## ТІЛСІЗ ЖАУ

## 700-ДЕН АСТАМ ДАЛА ӨРТІ ТІРКЕЛДІ

Ауа-райының күрт ысуынан аймақтарда өрт қауіпсіздігі көңіл алаңдатып тұр. Әсіресе, таулы аймақтарда елді мекендерден жырақ жерлерде тұтанған өрт күш бермей, төтенше жағдайлар департаменті мен бұқара халық жұмылып тілсіз жаумен алысуда. Мұның арты адам шығынына алып келуде.

Алматы облысының Панфилов ауданы, Талдын ауылдық округінің таулы аймағындағы алапат өрттен адам шығынына жол беріп, орны толмас өкінішке айналды. Қызыл жалынмен алысқан үш азаматтың біреуі орман шаруашылығының қызметкері болса, екеуі жергілікті тұрғын болған. Бұдан бөлек жеті адамды түрлі деңгейдегі күйік шалып, орталық клиникалық ауруханаға жеткізген. Ал, бес адам амбулаториялық ем алып, тағы екі азамат тұрақты жағдайда ауруханаға жатқызылған. Өкініштісі сол қайтыс болған 35 жастағы марқұмның көп балалы отбасы ай мен күннің аманында қамқоршысынан айрылып қалды.

Осы оқиғаға байланысты Алматы облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз өкілдерімен хабарласып, өрттің шығу себебін сұрадық.

Жалпы, өңірімізде биыл 700-ден астам дала өрті тіркеліпті. Оның 460-ы елді мекендерден жырақта болған. Жалынның өршу себебі, ауа-райынның қатты ысуынан таулы аймақтарда жапан түзде жатқан пластмас бетелкелер күл-қоқыстардың, құраған шөптердің күн қызуынан тұтануы, болмаса, адамдардың темекі тұқылын өшірмей тастай салуынан болған. Демек, табиғат аясын ластайтын адамзат баласы қауіп-қатерді өз қолдарымен жасауда. Жазиралы Жар-



кент өңірінде болған алапат өртке Алматы облысының төтенше жағдайлар және полиция департаменттерінен 59 адам, 13-тен астам арнайы техника жұмылдырылған. Таулы аймақтағы жалынды сөндіру қиындық

немқұрайды қарауы және тұрғылықты мекен жайларындағы өрт қауіпсіздігінің сақталмауынан екі күннің бірінде қызыл жалын шарпуда.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

# АЗБУКА БЕЗОПАСНОСТИ



Для того чтобы Вы всегда были спокойны за своего ребенка, и он сам чувствовал себя уверенно на улице, советуем Вам:

- Напоминайте основные правила дорожного движения своему ребенку каждый день;
- Учите его ориентироваться на дороге при любых дорожных ситуациях;
- Учите его быть осторожным и внимательным на улицах и дорогах, никогда не перебежать дорогу перед близко идущим транспортом в неустановленном месте;
- Учите его переходить дорогу только по пешеходным дорожкам при зеленом сигнале светофора.
- Объясните ребенку правила поведения на железной дороге, о том, что нельзя переходить железнодорожные пути в неустановленных местах;
- Никогда в присутствии ребенка сами не нарушайте правила дорож-

ного движения;

- Никогда не оставляйте ребенка одного на улице, в многолюдном месте;
- Обязательно объясните своему ребенку, что нужно делать, если он потерялся, и к кому можно обратиться;
- Не отпускайте ребенка одного гулять во двор;
- Не разрешайте ему уезжать на велосипеде со двора;
- Объясните, что не стоит гладить и дразнить чужих и бездомных собак;
- Учите ребенка никогда не разговаривать с незнакомыми людьми, никуда с ними не ходить и ничего у них не брать (конфеты, игрушки). В случае опасности громко кричать: «Я не знаю его!»;
- Научите пользоваться телефоном, пусть он знает номер полиции -102;
- Не разрешайте играть в темных

**Каждый из нас хочет видеть своего ребенка здоровым и невредимым. Но в мире больших возможностей существуют и угрозы. Основным источником опасности для детей является незнание ими особенностей окружающей природы, населяющих ее обитателей, негативных последствий его деятельности. Не менее опасно для школьников переоценивать или недооценивать свои физиологические и социальные возможности. Уважение к природе, себе и окружающим даст наибольшую гарантию обеспечить безопасность Вашего ребенка.**

местах, на стройках и свалках;

- Дети должны знать: свое полное имя, фамилию, адрес, номер телефона...

Всем этим жизненно необходимым правилам обучают сотрудники ОО «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» школьников младших классов в рамках государственного социального заказа при поддержке ГУ Управления здравоохранения Алматинской области.

«Мы надеемся, что эти не сложные правила помогут нашим детям избежать неприятности на улицах нашего города», - говорят сотрудники объединения.

ОО «ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ»

## ТРЕБОВАНИЯ ПРЕДЪЯВЛЯЕМЫЕ ПРИ СТРОИТЕЛЬСТВЕ

Право собственности на недвижимое имущество, подлежащее государственной регистрации, возникает с момента такой регистрации.

В соответствии с требованиями Закона РК «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» (далее Закон) у собственника или землепользователя возникает права строительства объекта после получения соответствующего разрешения в последующем обязан соблюдать установленный порядок введения строения в эксплуатацию.

Общими условиями, которых следует соблюдать при строительстве любого объекта недвижимости, являются:

- 1) наличие прав на земельный участок, где будет производиться строительство;
- 2) соблюдение целевого назначения земельного участка;
- 3) наличие разрешений на строительство, т.е. документов, подтверждающих соответствие проектно-сметной документации требованиям градостроительного плана земельного участка и дающих застройщику право осуществлять строительство;
- 4) соблюдение градостроительных регламентов, строительных, экологических, санитарно-гигиенических, противопожарных и иных правил, нормативов;

5) соблюдение прав и законных интересов собственников, землепользователей сопредельных земельных участков и иных объектов недвижимости.

В соответствии со ст.60 Закона без проектно-сметной документации либо по эскизным проектам собственником по согласованию с местными исполнительными органами может осуществляться строительство индивидуальных жилых домов, кроме строительства индивидуальных жилых домов выше двух этажей, расположенных в зонах повышенной сейсмической опасности, возведение временных строений,

Приемка и ввод в эксплуатацию построенного объекта производится заказчиком при его полной готовности, который оформляется актом. Акт приемки построенного объекта в эксплуатацию подписывается заказчиком, подрядчиком, лицами, осуществляющими технический и авторский надзор, на основании декларации о соответствии и заключений о соответствии выполненных работ проекту и качестве строительно-монтажных работ.

Если объект возведен без получения соответствующего разрешения и согласования, то оно считается самовольной постройкой, за которое предусмотрено административная ответственность.

**Берик КОЖАХМЕТОВ,**  
судья СМЭС Алматинской области.



## В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОВЕДЕНЫ МЕРОПРИЯТИЯ В РАМКАХ ЭСТАФЕТЫ «СПАСАТЕЛЬНЫЙ КРУГ ӨМІР»

В минувшие выходные дни сотрудниками ДЧС Алматинской области на Капшагайском водохранилище проведен флешмоб по безопасному поведению на воде с участием воспитанников детского лагеря «Күншуақ» отдыхающие из города Арысь Туркестанской области в рамках эстафеты «Спасательный круг Өмір» принятого у своих коллег из города Алматы.

В ходе акции на побережье городского пляжа и в местах, не предназначенных для купания проводились профилактические беседы с населением и раздавались памятки. В местах массового скопления людей спасателями продемонстрированы элементы спасения и оказания первой медицинской помощи утопающим.

Профилактические беседы такого рода сотрудниками ДЧС области проводятся ежедневно, проводятся рейды по местам отдыха – как официальным, так и несанкционированным, такие как мосты, причалы и пирсы. Таких рейдов с начала купального сезона проведено 343, при этом вручено более 23 000 памяток.

Кроме того в ходе совместных мероприятий с ДП Алматинской области в несанкционированных местах

отдыха выявлено 111 административных правонарушений.

На территории Алматинской области постановлением акима области определено 11 разрешенных общественных мест для купания в водоемах:

- городской пляж на реке Каратал в г.Талдыкорган;
- пляжи набережной озера Алаколь в Алакольском районе (с.Акши);
- пляжи набережной озера Балхаш в Сарканском районе (с.Лепсы);
- открытый плавательный бассейн в г.Текели;
- семь пляжей на юго-западном побережье Капшагайского водохранилища.

Все остальные необорудованные водоемы области считаются небезопасными и купание в них запрещено. В этих местах установлены 346 ед. знаков и информационных стенов, запрещающие купание.

В завершении мероприятия спасатели ДЧС Алматинской области передали эстафету «Спасательный круг Өмір» своим коллегам из Восточно-Казахстанской области.

Пресс-служба ДЧС  
Алматинской области



## «АТАМЕКЕН» РАЗРАБОТАЛ МЕРЫ

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, «Атамекен» разработал меры по сокращению импорта продуктов питания. Их презентовали на заседании комитета пищевой промышленности НПП с участием Председателя Президиума Тимура Кулибаева.

Как сообщил на встрече председатель комитета Ерик Балапанов, Казахстан продолжает сохранять зависимость от импортной продукции. На полках магазинов 50% привозного мяса птицы, 40% импортных колбас, 52% творога и сыра, и более 90% завезенного из-за границы сахара. Всего по данным комитета пищевой промышленности, за последние десять лет в страну импортировано продуктов на 10 млрд долларов – это товары, выпуск которых можно наладить внутри страны.

Обеспечить стопроцентную потребность внутреннего рынка в продукции можно только через комплексные меры поддержки отече-

ственных производителей. Для этого «Атамекен» разработал детальный план импортозамещения по каждой отрасли.

«Мы произвели детальные расчеты, для полного устранения дефицита сахара – а это 400 тысяч тонн ежегодно – в Казахстане необходимо дополнительно ввести в оборот порядка 150 тысяч гектаров орошаемых земель и построить три новых завода по переработке сахарной свеклы. На первом этапе поддержка государства может заключаться в создании инфраструктуры для орошения, а также в субсидировании покупки специализированной техники. Есть три региона, условия которых позволяют разместить заводы

по производству сахара – Туркестанская, Жамбылская и Алматинская», - отметил Ерик Балапанов.

Снизить импорт молочной продукции поможет строительство 100 крупных и 500 средних молочно-товарных ферм, сумма ежегодного импортозамещения превысит 250 млн долларов. В свою очередь создание всего трех крупных птицефабрик (порядка 120 млрд тенге инвестиций) полностью устранил дефицит мяса птицы, отметил Ерик Балапанов.

Озвученные меры «Атамекен» намерен презентовать Правительству. Их реализация позволит не просто обеспечить продовольственную безопасность Казахстана, но и создать тысячи

новых рабочих мест.

Вместе с тем, как отметил Председатель Президиума «Атамекен» Тимур Кулибаев, необходимо параллельно развивать отраслевую кооперацию.

«Нужно понимать, что строительство современной молочно-товарной фермы процесс ресурсоемкий, даже если государство предоставит льготные кредиты. Необходимо дополнительно стимулировать бизнес к отраслевой кооперации. Мелкие сельхозтоваропроизводители могут объединяться вокруг крупного переработчика и обеспечивать его сырьем. Есть успешные примеры в Карагандинской области, когда крупный молокозавод создал условия для локальной цепочки поставщиков и теперь получает качественное сырье. Давайте изучать и тиражировать такой опыт», - заявил Тимур Кулибаев.

Глава Национальной палаты уверен, что в перспективе Казахстан может не просто перекрыть потребности внутреннего рынка в продовольствии, но и нарастить объемы экспорта.

«Мы ежегодно производим порядка 20 млн тонн пшеницы, из них половина уходит на экспорт. Но, давайте будем честными, мы продаем за рубеж дешевую пшеницу, ведь львиную долю в себестоимости занимают расходы на транспортировку. Тем более, что сейчас мы активно конкурируем по экспорту зерна с Россией. Но если наладить глубокую переработку, то прибыль увеличится в несколько раз. Зачем продавать дешевое сырье, если из той же пшеницы можно производить продукцию с высокой добавленной стоимостью? Наладив переработку, мы не просто перекроем необходимые объемы продукции внутри страны, но и нарастим экспорт, то есть накормим себя и соседей. Нужно ориентировать бизнес работать именно в этом направлении и фокусировать государственные меры поддержки именно на сферу переработки», - уверен Тимур Кулибаев.

Ш. БАТЫРХАНОВ

## ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫ

Осы дау төңірегінде біз Алматы облыстық еңбек инспекциясының басшысы Керімбек Жаншабайға жолығып, 2018-2019 жылдардың қорытындысы бойынша жұмысшылардың құқығын қорғауда еңбек инспекциясының жүргізген тексерулерінің нәтижесімен таныстық. Мәселен, өткен жылғы жұмыс қорытындысы бойынша 358 тексеру жүргізіліп, 455 еңбек шартын бұзушылық тіркелген. Оның ішінде еңбек қатынастары саласында - 304, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігінде - 66, жұмыспен қамтуда - 85 кемшілік анықталған. Осы атқарылған іс-шаралар бойынша жұмыс берушілерге 255 ұйғарым беріліп, 15,8 миллион теңгеге 230 айыппұл салыныпты. Нәтижесінде, 70 кәсіпорында 127,3 миллион теңге мөлшерінде жалақы қарызы жабылып, 1288 жұмыскердің құқығы қорғалған. Жекеменшік секторларда жұмыс атқаратын кәсіпорындар жұмысшылар құқығын жиі бұзады. Жұмысшылармен келісім-шарттар жасағылары келмейді. Бірін алып, бірін жұмыстан шығарып жіберу оларға тиімдірек. Себебі, жұмысқа сұраныс қай кезде де бар. Жоғарыда келтірілген 1288 жұмыскердің құқығын осы еңбек инспекциясы қорғамаса олар әлі күнге дейін жұмыс беруші мекемемен соттасып жүрулері бек мүмкін еді. Бұл 2018 жылдың көрсеткіші. Ал, 2019 жылдың бірінші жарты жылдығында облыс мекемелерінде 196 жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Мұнда да жұмысшылардың арыз шағымдары мен прокуратура органдарының талап хаттары назарға алынған. Оның да нәтижесіне зер салар болсақ 220 заң бұзушылық анықталған. Жік-жікке бөліп тармақтар болсақ, еңбек қатынастарын - 201, еңбек қауіпсіздігі бойынша - 18, жұмыспен қамтуда - 1 заң бұзушылық тіркелген. Еңбек инспекторларының берген мәліметтеріне көз жүгіртсеңіз еңбек заңнамасының талаптарын бұзған мекемелер мен кәсіпорындар «еңбек заңнамасын» белден басып отырғанының куәсі боласыз. Оларға жұмысшылардың құқығы емес, еңбек өнімі маңыздырақ. Алайда сол кәсіпорын мен мекеменің еңбегін жандандырып отырған жұмысшылар екенін олар тіпті назарға да алмайтын болып тұр. Айталық, тексеріс барысында еңбек заңнамасын бұзған 28 мекеме мен кәсіпорындардың 844 қызметкер алдындағы қарызы 67,3 миллионға жеткен. Аталған мекемелердің басшыларына еңбек заңнамасы талаптарының бұзушылықтарын жою мақсатында 28 ұйғарым беріліп, өкімшілік іс қозғалып 4,2 миллион теңге көлемінде айыппұл салыныпты.

Мақала барысында еңбек инспекциясының бар талабы арыз-шағымдарды тексерумен ғана шектеле ме? Жұмысшылар мен қызметкерлер уақытылы жалақы алу үшін қандай шараларды жүзеге асырып отыр деген сауалды да алға тартқан едік.

— Біз жоспардан тыс тексеру барысында кәсіпорындарға қызметтік кеңестер береміз. Онда бірінші жалақыны уақытылы төлеу бойынша мониторинг жүргізіледі, еңбек жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныстар беріледі. Өңірлік кеңестер ұйымдастыру жұмысы бойынша сұрақтарға

## ЖҰМЫСШЫЛАР



## ҚҰҚЫҒЫ

## ЖИІ БҰЗЫЛАДЫ

**БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ЕҢБЕК ДАУЫ ӨРШІП ТҮР. ӘСІРЕСЕ, КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДА ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ АЙЛАП-ЖЫЛДАП ЖАЛАҚЫЛАРЫН АЛА АЛМАЙ, ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫ МЕН ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАН ПРОКУРАТУРАҒА ШАҒЫМДАНЫП ЖАТҚАНДАРЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС-ТІ. ТІПТІ, ЕҢБЕК АҚЫ МАҢДАЙ ТЕРЛЕРІНІҢ ӨТЕМІН АЛА АЛМАҒАН ЖҰМЫСШЫЛАР ДҮРКІН-ДҮРКІН ЕРЕУІЛДЕРГЕ ШЫҒЫП, ӨЗДЕРІ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ МАҢАЙЫН ТОРУЫЛДАП, АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА ШАҒЫМДАНЫП, «ЕСЕКТІҢ КҮШІ АДАЛ, ЕТІ АРАМ» ДЕГЕНДЕЙ, «КҮН-ТҮН ДЕМЕЙ БАЛА-ШАҒА ҚАМЫ ҮШІН ЖАЛДАНЫП ІСТЕГЕН ЕҢБЕКАҚЫМЫЗДЫ БЕРМЕЙДІ. БАСЫМЫЗДА НЕСИЕ, ПӨТЕР АҚЫСЫ, БАЛАЛАРДЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК, КИІМ-КЕШЕГІ БАР, ҚАРЫЗДАН-ҚАРЫЗҒА БАТТЫҚ» ДЕП ДАУРЫҒЫП ЖҮРГЕНДЕРІ ҚАНШАМА?**



талқылау жасалынады, - деген еңбек инспекциясының басшысы Керімбек Жаншабай жұмыс берушілердің заң бұзушылық фактілерінің басты кінәраты жалақыны дер кезінде төлемеуі, еңбек шартын жасаспай жұмысқа қабылдауы, не болмаса жасаған еңбек шартының мазмұны заң талаптарына сәйкес келмеуі, жұмыс уақытының қалыптатылығының

және еңбек қауіпсіздігін сақтамауы болып табылатынын айтты. Сонымен қатар ол жалақыға қарыз мекемелердің басқарма тарапынан күнделікті қаралып, шара қолданылып отырғанын тілге тиек етті. Өз сөзінде ақпараттық түсіндіру жұмыстары басты назарда екенін, биылғы жылы облыста еңбек қатынастары принциптерін халыққа жеткізу,

еңбек қатынастарын жедел шешу мақсатында облыстық және жергілікті ақпарат құралдарында кәсіпорындар мен мекемелер еңбек ақыны уақытында төленбеген жағдайларда еңбек инспекциясына жүгіну қажет деген жармалардың беріліп жатқанын да айтты.

— Алматы облысында бекітілген «Азаматтардың еңбек

құқықтарын қорғау және еңбек қатынастарын реттеуіне бағытталған жол картасы» іс-шаралар жоспары орындалды және еңбек инспекциясы басқарма алдағы уақытта еңбекақы берешегін болдырмау, сонымен қатар, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі бойынша жұмыстарды өз деңгейінде атқарып келеміз, дейді.

Бұдан бөлек, «Еңбек шартын жасаңыздар» акциясы бағытында жыл басынан бері мемлекеттік еңбек инспекторлары, 123 кәсіпорындарда еңбек заңнамасын түсіндіру мақсатында кездесулер ұйымдастырған. Жергілікті телевидение арқылы азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауда облыс өңірлеріне аталған тақырыпта 21 билборд орнатылған.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің, Кәсіподақтар федерациясының және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бекітілген 2019 жыл «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жылы аясында, Алматы облысында, еңбек инспекциясы жылдың басынан 42 кәсіпорын мен ұйымының қызметкерлерімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселері бойынша да біраз жұмыстар атқарған. Қазір заманауи үлгіге сай электронды еңбек келісімшарттары (e-HR көзделген). Енді еңбек келісімшарты онлайн-режимде жүргізіледі. Жұмыскер жұмысқа орналасу үшін тек қана жеке куәлік қажет, қалған деректерді жұмыс беруші онлайн режимде көре алады. Бұл жүйе Алматы облысында соңғы жылдары көптеп бой көтерді. Орта және ірі кәсіпорындардағы жаңа бос орындарға қабылданған қызметкерлердің жұмысқа орналасу процесін жеңілдетуде. Себебі, жеке іс автоматты түрде қалыптастырып, қағаз құжаттарын жинау қажеттілігі жойылды деген Керімбек Жаншабайұлы осы жүйеге 4164 мекеме қосылған және 166560 еңбек шарты тіркелгенін айтты. Сондай-ақ, электрондық еңбек шарттарын жасасу жұмыс берушінің міндеттемелерін анықтауға және келіп түсетін зейнетақы аударымдары мен әлеуметтік жарналар мониторингінің арқасында қызметкерді әлеуметтік қатерден қорғауға мүмкіндік беретінін, түрлі іс-шаралар атқарылып жатқанымен жұмысшылар алдындағы мерзімі өткен қарыздар бар екенін жасырмады. Нарықтық жүйеде жұмыс жасап жатқан көптеген кәсіпорын шағын және орта бизнес өкілдері жұмысшылардың құқығын жиі бұзып жүр. Мұны еңбек инспекциясының түрлі тексеруінен байқауға болады. Қоғамның да, мемлекеттің де басты байлығы ол – адам. Консультацияда ол тайға таңба басқандай жазылған. Сондықтан, елдің экономикасын қарқынды дамытатын да сол адамзат. Демек, солардың еңбек қауіпсіздігі мен әлеуметтік жағдайы, уақытылы жалақыларын алып, отбасын алаңсыз асырау үшін барлық жағдай жасалуы тиіс. Ол үшін жұмыс беруші мекеме не кәсіпорын еңбек заңнамасын бұзбай, қол астындағы жұмысшылардың мүддесін қорғауға міндетті.

Айтақын МҰХАМАДИ.

## «ДӘУЛЕТТЕН КЕҢЕС»

«БАҚЫТТЫ  
ОТБАСЫ»

## БАҒДАРЛАМАСЫ

Жуырда басталатын Республикалық деңгейдегі «Бақытты отбасы» бағдарламасының шарттары қандай?

- 10% Бастапқы жарна
- 2% банк пайызы
- 20 жылға дейінгі ипотека
- Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін қарыз сомасы 15 миллионға дейін, өзге аймақтар үшін 10 миллион теңгеге дейін.

- Первичка да, вторичка да алуға болады. Жаңа үй үшін 1 миллион теңге әкімшілік бере алады. Жер үй де алуға болады.

**Кімдер қатыса алады?**

Бағдарлама ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ ТҮРҒАН тек 3 категорияға арналған. ОЛАР:

- Толық емес отбасылар (18 жастан аспаған)
- Көпбалалы отбасылар
- Мүмкіндігі шектеулі баласы барлар. (18 жастан аспаған)

**Табыс қалай есептеледі?**

- Отбасы мүшесіндегі әр адам үшін 42500 теңгеден аспауы тиіс. Мәселен, сіз толық емес отбасы статусындағы анасыз. Тек 1 балаңыз бар. 2 адам\*42500 = 85000 теңге. Яғни, ҚОЛҒА алатын табысыңыз 85000 тг аспауы тиіс. Асып кетсе, бұл бағдарлама сізге арналмаған.

**Айына қанша төлейді?**

Мысалы, 10 миллион теңгеге пәтер алсаңыз, бастапқы 8 жыл айына 52700, қалған 11 жыл 36000 теңгеден төлейсіздер. Бастапқы жарна 10% көбірек салсаңыз, азырақ төлеуге болады. Сонда қараңыздар, 10 миллион теңгеге шамамен 750 мың теңге үстеме ақы қосылады. 19 жылдық ипотека үшін бұндай үстеме ақы 28 жылдық тарихымызда болмаған.

**Төлем қабілет қалай расталады?**

Бұл бағдарламада төлем де жеңілдетілген. Яғни адам басына 5МРП. Балалар кірмейді. Сонда айына 52700 тг төлеу үшін 52700+12625 (егер жалғыз болсаңыз) + 12625 (күйеуіңіз болса) = 77950 теңгеден асса болды. Мысалда көрсеткендей жалғыз басты ана тек 1 баласымен табысы 65225 теңгеден жоғары болса, банк өтінімін мақұлдайды. Табыс жетпей қалса, «созаемщик» қоса алады.

Бағдарлама бастала салысымен осы 3 категория азаматтары әкімшіліктен банкке жолдама алулары керек.

- Мемлекеттен 3 жылға (2019-2021ж) 50 млрдтан жиыны 150 млрд теңге бөлінген!
- Бұл бағдарлама бойынша міндетті түрде соңғы 6-7 ай жұмыс істеп, зейнет ақы қоры болуы міндетті.
- Соңғы 5 жылда атыңызда (әйелі мен күйеуінде) үй болмау керек.
- ЖИЛСТРОЙСБЕРБАНКТЕ депозиттеріңіз болу міндетті.
- Бәріңізге сәттілік!

ӨЗІРЛЕГЕН Г. ЕРДӘУЛЕТОВА

## ЖИЫН

ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫ ҮШІН ҚЫРАҒЫЛЫҚ ТАНЫТЫП ЖҮРГЕН ПОЛИЦЕЙЛЕРДІҢ ЖАН КЕШТІ ЕҢБЕГІН ҚАЛАЙ ДӘРІПТЕСЕК ТЕ АРТЫҚ БОЛМАЙДЫ. «БЕС САУСАҚ БІРДЕЙ ЕМЕС» ДЕГЕНДЕЙ, ПОГОНДЫЛАР АРАСЫНДА ТЕКЕ-ТАРТЫС БОЛЫП ЖАТАДЫ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ БҮГІНГІ БҰҚАРАНЫҢ ДА ПОЛИЦЕЙЛЕРГЕ ДЕГЕН ӨКПЕЛЕРІ ҚАРА ҚАЗАНДАЙ. БІРІ ТЫНЫШТЫҚ ҮШІН БАСЫН БӨЙГЕГЕ ТІГІП ЖҮРГЕН ПОЛИЦЕЙЛЕРДІ ЖАҚТАСА, ЕНДІ БІРЕУЛЕРІ АТА-ЖАУЛАРЫНДАЙ КӨРЕДІ.

## ПОЛИЦЕЙ БАСШЫСЫ

## ЕСЕП БЕРДІ

Түрлі ереуілдерге шыққанда «бас ал десе шаш алады» қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдаланады десе, сот алдында келген айыптылар да тергеу барысында «ұрды-соқты» қысым көрсетті, жасамаған ісімді жасады дегізіп мәжбүрледі» деп жатады. Алайда, ақ пен қара арбасқан сәттер аз болмайды. Егер, ел мүддесіндегі әрі қоғам тыныштығын күзететін осы қызыл жағалы полицейлер болмаса, «торғай арбаған жылайдай елді сан соқтырып жүрген алаяқтар, қанды-қол қарақшылар, ұры-қарылар, зорлық-зомбылық көрсетіп, жүрген педофильдер, қылмыскерлер елді үрейде ұстайтын еді.

«Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп халық қаһарманы, батыр Бауыржан Момышұлы айтқандай, тәртіп сақшыларына да сот жүйесі сияқты үлкен реформа қажеттігін, көзіқарақты, көкірегі ояу жандардың бәрі ақпарат құралдарында дабыл қағып келеді. Кешегі кеңестік кезеңде «Милиция менің қорғаным» деген ұран болған-ды. Сол ұран бүгінде үрдісін жоғалтқан жоқ. Оның жарқын бір айғағы Көксу ауданында қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан полицейлердің құрметіне граниттен жасалған ескерткіш орнатылды. Оған Алматы облысы полиция департаментінің басшысы генерал-майор Мұрат Ұрымханов, Көксу ауданы әкімінің орынбасары Нұрдәулет Кененбаев, ішкі істер органдарының ардагерлері мен қаза болған қызметкерлердің жақындары қатысты.

Салтанатты шараға қатысушылар қаза болған қызметкерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, сақшылар аспаңға үш рет мылтықтан оқ атты. Бұдан кейін полицейлер аудан тұрғындарына өздерінің атыс тирлерін, спорт залын және жақында ашылған фронт-офисін көрсетті. Мұнан соң Балпық би кентінің Мәдениет үйінде Алматы облысы Ішкі істер департаментінің басшысы, полиция генерал-майоры Мұрат Жәлелұлы Ұрымханов Көксу ауданы полиция бөлімінің басшысы Рамиль Гимадиевтің есебін тыңдады. Айтулы шараға Көксу ауданы әкімінің орынбасары Нұрдәулет Кененбаев пен облыстық полиция департаментінің лауазымды тұлғалары қатысты.

Тұрғындар алдында аудандық полиция басшысы өңірдегі



жағдай туралы баяндама жасады. Айтуынша, ағымдағы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша қылмыстардың жалпы тіркелуі 18,2% төмендеген. Ал қылмыстардың ашылуы өткен жылмен салыстырғанда жақсарған, дер кезінде қабылданған шаралардың нәтижесінде мүлктің ұрлау, мал ұрлығы, автокөлік ұрлығы фактілері азайған.

Қылмыстарды ашу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында аудандық полиция басшысы құқық бұзушылықтың алдын алуға, ашуға оң әсер ететін бейнебақылау желілерін тигізген пайдасының зор екеніне тоқталды. Осыған байланысты полицейлер ауыл тұрғындарына, оның ішінде кәсіпкерлерге пәтерлерде, жеке үйлерде, шаруашылық нысандарында бейнебақылау камераларын орнатуды ұсынды. Кездесу барысында мал ұрлығына қарсы күресті күшейту мәселесі қозғалып, көп жағдайда мүлкті сақтауға адамдардың немқұрайлы қарауы айрықша көңіл бөлуі қажет екенін тілге тиек етті. Әсіресе, ауыл тұрғындарын зар қақсатып жүрген екі аяқты қасқырлардан қорғану үшін малды ұстауға арналған қоралар мықты дуалдармен, құлыптау құрылғыларымен жабдықталмаған. Көптеген мал басы жайылымдардан жоғалып кетіп жатады. Мал ұрлығын ашудағы негізгі мәселе, полицияға



дер кезінде жүгінбей, уақыт өткізіп, өз беттерімен малдарын іздеп, күдерлері үзілгенде полицияға шағымданатындарын айтты. Қоғамды дүрліктіріп тұрған мал ұрлығына қатысты полиция қызметкерлері апта сайын ветеринарлық инспекциямен бірлесіп мал және ет өнімдерін заңсыз тасымалдау бойынша рейдтік іс-шаралар өткізуде. Жыл басынан бері тиісті құжаттарсыз 45 мал тасымалдау фактісі анықталды, нәтижесінде мал иелеріне қатысты 29 әкімшілік хаттама толтырылып, жалпы 1,5 млн теңгеге айыппұл салынды. Мұның басты себебі, қораларға орналастырылатын иесіз мал басын анықтау бойынша рейдтік іс-шаралар атқарылуда. Үш шалғайдағы учаскелерде жергілікті тұрғындардың күшімен тәулік бойы мал күзеті ұйымдастырылды. Сонымен қатар ауылдық әкімдіктермен бірлесіп үш жақты келісім-шарттар жасау жұмыстары жүргізіліп, (әкімдік - мал иесі-малшылармен тығыз байланыс орнатылуда). Қазіргі уақытта 147 келісім-шарт жасалды, онда мал басының саны тіркеледі. Сондай-ақ, күзет иттерін сатып алу, әр бастарды таңбалау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Аудан әкімінің қолдауымен ұтқырлықты арттыру және халықпен байланысты жақсарту үшін тұрғын үймен біріктірілген 9 учаскелік полиция пунктін салынды. Әрбір учаскелік пункт телефонмен, компьютерлік техникамен және қажетті жиһазбен жабдықталған.

Өскелең ұрпақты «Отан» сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында ағымдағы жылдың қыркүйек айында Жарлыөзек ауылдық округінде М. Сенгірбаев атындағы орта мектеп базасында кадет сыныбы іске қосылады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл көмелетке

толмағандар арасындағы тәртіпті нығайтуға, сондай-ақ олардың жауапкершілігі мен үлгерімін арттыруға мүмкіндік береді, - деді. Бұдан кейін полицияны жергілікті халыққа жақындату мақсатында биылғы жылы «Фронт-офис» салынғанын айтқан аудан әкімінің орынбасары Н. Кененбаев аудандық полицияның жұмысын оң бағалап, полиция қызметкерлеріне квадрантерді табыс етті. Кездесуде аудан тұрғындары өздерін мазалап жүрген түрлі сауалдарына заңдық тұғырда жауаптар алды. Көбіне көше қилысындағы жол белгілерінің жоқтығына немесе алынып тасталғанына және қойылмағанына байланысты сауалдар қойылды. Сондай-ақ, мал ұрлығын ашуда қырағылық танытқан аудан тұрғындарының бірі, былтыр қорасындағы жылқысын ұрланғанда полицияға шағымданғанын, араға айлар салып, ұрланған жылқысын құлынғанды кезінде төлімен бірге алып келген сақшыларға алғысын жаудырды. Сауал қойғандардың арасында несие алып оны төлеуде қиындықтарға тап болған азаматтар да заң аясында жауаптарын алып жатты.

Кездесу қорытындысын облыстық полиция басшысы, генерал-майор Мұрат Ұрымханов қорытындылады. Ол облыстағы қылмыстық ахуал төңірегінде және ішкі тәртіп мәселесіне егжей-тегжейлі тоқталып, жиынжайға келген аудан тұрғындарымен ашық пікірлесіп, өңірдегі полиция жұмысының негізгі бағыттарымен таныстырды.

Полиция генералы «Көрші бақылау-мүлдем төзбеушілік» атты жоба аясында ағымдағы жылы Көксу ауданында азаматтардан 235 қоңырау-хабарлама келіп түскенін, олардың әрқайсысы бойынша тиісті шаралар қабылданғанын атап өтті. Жиын соңында полиция қызметкерлері ауыл тұрғындарын қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, аймақта құқық тәртібін сақтауға барлық күш-жігерін жұмсайтынына сендірді.

А. МҰХАМАДИ.

Дүйсенбі - Понедельник, 12 тамыз



ҚАЗАҚСТАН



КТК

06.05, 14.10 «Konil tolqynu»
06.25 «Мәселе»
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
09.30 «Қарақшы мен капитан»
10.00 «Қызық екен»
10.50, 18.10 Телехикая «Қайран күндер»
12.35 Көркем фильм «Шабдалы»
15.00, 21.30 Т/х «Гүлпері»
16.00, 01.40 «Shanyraq»
17.00, 20.00, 01.10, 03.35 AQPAPAT
17.15, 22.30 Т/х «Бізбен бірге»
20.30 Т/х «Сүйе білсең»
23.20 Т/х «Құбылай хан»
00.10 «Әзілмен»
02.30 «Qareket»
03.25 «100 бизнес бастауы»

07.05 «КТК» қоржынынан ойын-сауық
07.20 Т/х «Женнеттің көз жасы»
08.40 Т/х «Қайсар жесір»
09.30 «Юрмала»
10.50 «Новый муж»
14.40 X/ф «Путешествие к центру души»
16.35 Т/х «Аталар сөзі»
17.20 Мерекелік концерт
18.00 «Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Пес-3»
23.40 X/ф «Лесница в небеса»
01.30 «Аталар сөзі»
02.00 Т/х «Женнеттің көз жасы»
03.10 «Әйел қырық шырақты»
03.55-04.30 «КТК» қоржынынан ойын-сауық



ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00, 23.00 «Қызық times»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, 09.10 М/с
09.00, 13.00 Новости
10.40 Мегахит
12.10 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
13.10 Т/с «Забудь и вспомни»
14.50 Телехикая «Шашу»
15.50,00.30 Т/х «Ақылдың кілті»
17.30 «Менің тағдырым»
18.00 Т/х «Аға»
19.30 Т/х «Бәсеке-2»
20.00, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Зерде»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
22.15 Сериал «Время»



ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Апта /каз/
09.50 Өн әлемі
10.00 Апта ( рус)
10.50 Спорт тайм
11.15 Д.ф. «Апаттар ізімен»
12.10 Қазақ өні
13.00 К/ф «Құрақ көрпе»
14.35 «Қоңыр» тобының концерті
16.30 Д/ф «Пустыня живет»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 Шашу
19.00 Д/ф «Столица Великой степи»
19.55 Бай қуатты болайық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Туржорық
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Елес қыз»
22.35 Д/ф «Возвращайся журавль»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



АСТАНА

06.00, 03.30 «Өн мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «KazNet»
07.20 «Әзілстан»
07.50, 12.00 Мультфильм
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00 Т/с «След»
12.40 Көркем фильм «Алмас қылыш»
17.40 «Ел аузында»
16.40 Т/х «Қорғансыз»
17.40 Үздік әндер
18.00, 00.30 Т/х «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.25, 03.00 Новости «20.30»
20.50 «LG Корея»
21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе»
23.30 «Бір туған»



31 КАНАЛ

06.00, 04.40 Ризамын
07.00, 20.00 Информбюро
08.00 «ВатсАп»
09.00 М/с
10.00 Дайджесты тематические
10.30, 21.00 «Адасқан ғұмыр»
12.30 «Мехектің өмірі»
14.00 Кино «Джон Картер»
17.00 «Реальные пацаны»
17.40 «Сваты»
23.00 «Әзілдер жинағы»
00.00 «Үш қыздың құпиясы»
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 «Келіндер бәйгесі»
05.30 Әзіл студио



ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «Той базар»
06.40 «Той заказ»
07.10 «Тамада Баттл»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Поле Чудес»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Т/с «Двое против смерти»
16.55 «Пусть говорят»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45, 02.45 «Пендемиз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Ментовские Войны-9»
22.00, 02.00 «П@УТИНА»
00.45 «Научи меня жить»



7 КАНАЛ

06.00,13.40 Т/х «Жаңа Келін»
06.50, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/ф
10.40 X/ф «Ну что, приехали?»
12.40 Т/ф «Жазмыш»
15.00 «Лучше не бывает»
17.20 Сериал «Я люблю своего мужа»
18.30 X/ф «Рокки»
21.00 Лотерея 777
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»
00.20 X/ф «Охотники на ведьм»
02.20 «KZландия»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

Сейсенбі - Вторник, 13 тамыз



ҚАЗАҚСТАН

06.05, 13.55 «Konil tolqynu»
06.30, 17.00, 20.00, 00.10, 02.35 AQPAPAT
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
09.30 «Қарақшы мен капитан»
10.00 «Қызық екен»
10.50, 18.10 Телехикая «Қайран күндер»
12.35 Д/ф «Қайсар»
13.00 Д/ф «Equus. Жылқы тарихы»
15.00, 21.30 Т/х «Гүлпері»
16.00, 01.40 «Shanyraq»
17.15, 22.30 Т/х «Бізбен бірге»
20.30 Т/х «Сүйе білсең»
23.20 Т/х «Құбылай хан»
00.10 «ӘзілMAN»
02.30 «Qareket»
03.25 «Жан жылуы»



ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00, 23.00 «Қызық times»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, 09.10 М/с «Юху и его друзья»
09.00, 13.00 Новости
10.15 «ХабарLine»
10.45, 18.45 Т/х «Аға»
11.30, 19.30 Т/х «Бәсеке-2»
12.10 «Тайны. Судьбы. Имена»
13.10 Т/с «Дурная кровь»
14.50 Т/х «Шашу»
15.50, 00.30 Т/х «Ақылдың кілті. Өмірдастан»
17.30 «Менің тағдырым»
18.00, 21.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
20.00, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Зерде»
21.00 Итоги дня
22.15 Т/с «Время»



АСТАНА

06.00, 03.30 «Өн мен әзіл»
06.30, 17.40 «KazNet»
06.50 Әзілстан
07.50 Мультфильм
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.30 Т/с «След»
12.30 X/ф «Свадьба Тану и Ману»
15.30 «ТенгеманияNEXT»
15.45 «LG Корея»
15.55 «Ел аузында»
16.40 Т/х «Қорғансыз»
18.00, 00.30 Т/х «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости «20.30»
21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе»
23.30 Т/х «Бір туған»



ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «Той базар»
06.40 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 Телеканал «Доброе утро»
11.00 Сериал «Когда прошлое впереди»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «Двое против смерти»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 02.45 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45 Т/с «Ментовские Войны-9»
22.00, 02.00 «П@УТИНА»
23.00 Т/с «Ментовские Войны-9»
00.50 «Научи меня жить»



КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Женнеттің көз жасы»
08.50 Т/х «Қайсар жесір»

09.50 Новости
10.20 «Пес-3»
12.30 «Лестница в небеса»
14.40 «Путешествие к центру души»
16.35 Т/х «Аталар сөзі»
17.20 Мерекелік концерт
18.00 «Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Пес-3»
23.40 «Лестница в небеса»
01.30 «Аталар сөзі»
02.00 «Женнеттің көз жасы»
03.10 «Әйел қырық шырақты»
03.55-04.30 «КТК» қоржынынан ойын-сауық



ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Туржорық
10.30 Бай қуатты болайық
11.00 Телесериал «Елес қыз»
11.40 Д/ф «Орлан-Белохвост»
12.00 Шашу
13.00 К/ф «Заман-ай»
14.10 Д.ф. «Апаттар ізімен»
15.05 Талдықорған өнер мектебінің концерті
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 Шашу
18.50 Д/ф «Аңызға айналған академик»
19.00 Д/ф «Қазақстан 100+елі»
19.45 «Оқырман» әдеби клубы
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тарих парақтары
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Есел қыз»
22.35 Д/ф «Фломинго и Коргалжын»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Ризамын»
07.00 Информбюро
08.00 What' App
09.00 М/с «Маша и Медведь»
10.00, 23.00 «Әзілдер жинағы»
10.30, 21.00 Т/х «Адасқан ғұмыр»
12.30 Т/х «Мехектің өмірі»
14.30 М/с «Тимон и Пумба»
15.00 М/с «Стич»
16.00 Т/с «Реальные пацаны»
17.40 Т/с «Сваты»
20.00 Информбюро
00.00 Т/х «Үш қыздың құпиясы»
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 «Келіндер бәйгесі»
05.30 «Әзіл студио»



7 КАНАЛ

06.00,13.40 Т/х «Жаңа Келін»
06.50, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/ф «Даша и друзья:приключения в городе»
10.40 X/ф «Ну что, приехали: ремонт»
12.40, 03.45 Т/х «Жазмыш»
15.00 Т/с «Лучше не бывает»
17.20 Т/с «Я люблю своего мужа»
18.30 X/ф «Рокки-2»
21.00 Лотерея 777
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»
00.20 X/ф «Ветреная река»
02.40 «KZландия»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

Сәрсенбі - Среда, 14 тамыз



ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05, 14.00 «Көңіл толқыны»
06.30, 17.00, 20.00, 00.10, 02.35 AQPAPAT
07.00 «Таңшолпан»
09.30 М/х «Қарақшы мен Капитан»
10.00 «Qyzyq eken...»
10.50, 18.10 Т/х «Қайран күндер»
12.35 «Тұлға»
13.00 «Equus. Жылқы тарихы»
Д/ф
15.00, 21.30 Телехикая «Гүлпері»
16.00, 01.40 «SHANYRAQ»
17.15, 22.30 Т/х «Бізбен бірге»
20.30 «47 баланың анасы»
23.20 Т/х «Құбылай хан»
00.10 «ӘзілMAN»
02.35 «100 бизнестің бастауы»
02.45 «Қарекет»



ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00, 23.00 «Қызық таймс»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
08.10, 09.10 М/ф «Юху и его друзья»
09.00, 13.00 Новости
10.15 «ХабарLINE»
10.15, 18.45 Телехикая «Аға»
11.30, 19.30 Телехикая «Бәсеке»
12.10 «Важно знать»
12.30 «Алтын бесік»
13.10 Сериал «Дурная кровь»
14.50 «Шашу»
15.50, 00.30 Телехикая «Ақылдың кілті. Өмірдастан»
17.30 «Сені іздедім»
18.00, 21.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
20.00, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Зерде»
21.00 Итоги дня
22.15 Т/с «Время»



АСТАНА

06.00, 03.30 «Өн мен әзіл»
06.30, 17.40 «KazNet»
06.50 «Әзілстан» жасырын камера
07.50 Мультфильм
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.30 Т/с «След»
12.30 м»Оралу» көркем фильмі
15.30 «ТенгеманияNEXT»
15.45 Үздік әндер
16.40 Т/х «Қорғансыз»
18.00, 00.30 Т/х «Кешіккен хат»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости «20.30»
21.00 Т/х «Үмітіңді үзбе»
23.30 Т/х «Бір туған»



ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.40 «Той заказ»
07.10 Басты жаңалықтар
08.00 «Телеканал Доброе утро»
11.00 Сериал «Когда прошлое впереди»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «Серафима прекрасная»
16.55 «Пусть говорят»
18.00 Басты жаңалықтар
18.45, 02.45 «Пендемиз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Ментовские Войны-10»
22.00, 02.00«П@УТИНА»
00.45 Кино «Научи меня жить»
03.45 «Той базар»



КТК


07.00 Әнұран
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30, 02.00 «Женнеттің көз жасы»

жасы»
08.50 «Қайсар жесір»
09.50 НОВОСТИ
10.20, 21.30 «Пес-3» остро-сюжетный детектив
12.30, 23.40 «Лестница в небеса»
14.40 «Путешествие к центру души» мелодрама
16.35, 01.30 «Аталар сөзі»
17.20 «Мерекелік концерт»
18.00 «Сүйікті Дениз-2»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.10 «Әйел қырық шырақты»
03.55-04.30 «КТК қоржынынан» ойын-сауық



ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Д/ф «Қазақстан 100+елі»
10.40 Тарих парақтары
11.00 Телесериал «Елес қыз»
11.35 Д/ф «Фломинго и Коргалжын»
12.00 Шашу
13.00 «Оқырман» әдеби клубы
13.50 Д.ф. «Искатели приключений»
14.40 «Абай» спектаклі 1
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Монолог
18.00 Шашу
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Б.Жақыбаевтың шығармашылық кеші
20.20 Д/ф «Үзілген тағдыр»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Елес қыз»
22.35 Д/ф «Джек-дрофа»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости



31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Ризамын»
07.00 Информбюро
08.00 What' App
09.00 М/с «Маша и Медведь»
10.00, 23.00 «Әзілдер жинағы»
10.30, 21.00 «Адасқан ғұмыр»
12.30 Т/х «Мехектің өмірі»
14.30, 15.00 М/с «Тимон и Пумба»
16.00 Т/с «Реальные пацаны»
17.40 Т/с «Сваты»
20.00 Информбюро
00.00 Т/х «Үш қыздың құпиясы»
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 «Келіндер бәйгесі»
05.30 «Әзіл студио»



7 КАНАЛ

ТЕХНИЧЕСКИЙ ПЕРЕРЫВ
06.00, 13.40 «Жаңа келін»
06.50, 21.05, 03.00 Телехикая «Элиф»
09.00 М/ф «Даша и друзья: приключение в городе»
10.40 X/ф «Три Гавкатера»
12.40, 03.45 Т/х «Жазмыш»
15.00 Сериал «Лучше не бывает»
17.20 «Я люблю своего мужа»
18.40 «Рокки-3»
21.00 Лотерея777+Лотарей 6/49
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»
00.20 X/ф «Рокки-4»
02.20 «KZландия»
04.30 «Жеңіп көр»
05.15 «Қуырдақ»

## МЕРЕЙ

**Асқаралы 60-тың асуына қадам басқан Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Советхан Сәкеновтің «Ар мен заң алдында» атты кітабының тұсаукесер рәсімі облыстық соттың мәжіліс залында өтті.**

Пайғамбарлық жасымен тұспа-тұс келген бұл мереке де Советхан Сәкеновтің өмір өткелдері жайлы яғни балалық-балдәуреннен бас-тау алып, кемелденген шағына дейінгі бейнебаян көрсетілді. Салтанатты кешті «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары ақын Жұматай Әміреев ағасына деген ақ жарма арнау өлеңін арнап, мерейтой иесін сахна төріне шақырды. Бұл күні заң саласында еңбек етіп жүрген Советхан Сәкеновтің әр-іптестері үшін де ерекше күн болды. Жиынның өтуіне ұйытқы болған Алматы облыстық сотының төрағасы Еліс Әбдіқадіров мінбеге көтеріліп, ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Бектас Бекназаров пен ҚР Жоғары Сотының Төрағасы Жақып Асановтың атынан келген құттықтау хатын оқып, қазақы салтпен мерей той иесіне шапан жапты. Бұдан кейін ардагер сот саласына айрықша еңбек сіңірген Талдықорған облыстық, Алматы қалалық, Алматы облыстық, ҚР Әскери соттарының және ҚР Судьялар одағының төрағасы қызметтерін атқарған Серік Байбатыров сөз алды.

– Советхан алпыс жасқа келді. Елдің алдында абыройлы қызмет етіп, әділдіктің ақ туын ұстап келген азаматтың бірі. Сондықтан алпыс жасың құтты болсын! Ары қарай жұмыс жасау үшін Құдай күш-қуат берсін! Қазақстан тарихында тұңғыш өткен 1 576 томдық күрделі «Қорғас ісі» сот процесінің үкімін Советхан шығарды. Тоғыз айдан астам жұмыс

# АЛМАС ҚЫЛЫШ



істеді. Істі болғандар республикаға белгілі, лауазымды қызметтегі азаматтар еді. Ешкімнің бет-беделіне қарамай өз жұмысына адал бола білді. Еңбек еш кетпейді. Бұлайша принциптілікке барып қара қылды қақ жару әркімнің қолынан келе бермейді. Сол еңбегі үшін барлықтарыңыздың алдында рахмет айтамын, - деп Советхан Сәкеновпен қызметтес болғанына және маңызды

істерді қарауда әділдік аясында жұмыс жасағандарын мақтанышпен айтты. Кезек «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Өрінге келгенде «Ар мен заң алдындағы» кітаптың өзектілігі жайлы толғанды. «Жемқорлықпен» шатылған «Қорғас ісі» туралы жазылған бұл кітаптың мемлекет мүдесіне қа-рама-қайшы әрекет жасаған, лауазымды қызметкерлердің заңды айналып өтіп, жең

ұшынан жалғасқан қылмыстарға баруы, кедендегі келең-сіздіктердің басы қасында қауіпсіздік комитетінің қызметкерлерінің қылаң беруі, Қазақстан түгелі әлемнің назарын аударған бұл қылмыстық іс, бұрынғы кеңестер ода-ғында болмағаны жай-лы айтты. Қылмыстық істі қараған, Советхан Сәкеновтің қара-қылды қақ жарып, әділ үкім шығаруы, білімі мен біліктілігін көрсете білген судьяға мыңдаған оқырманның атынан қо-шемет білдірді. Шытырман оқиғаларға толы детективті жанрда жазылған, көркем роман, тарихи дүние, «Құдай жаққан шайтан үрлеп өшіре алмайды» Советханның өмір жолын баяндау арқылы автор сексенінші жылдары қалыптасқан қазақ жастарының қыз-метке тұру кезеңіндегі ерекшеліктерін де дәл суреттейді. Кітаптың тұсаукесерінде Советхан ағаның туған өлкесі Алакөл және өзі қызмет атқарған Ақсу ауданының ел-жұртының сәлемін арқалай келген

аудан әкімінің орынбасарлары Алмас Әбдінов пен Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Ғазиз Есжанов та, аудан әкімдері Әлібек Жақанбаев пен Есім Базархановтың құттықтауларын жеткізіп, қос ауданның «Құрметті азаматы» атағымен төс белгісін табыстады. Әрмен қарай ҚР Жазушылар одағының мүшесі Қуат Қайранбаевтың Советхан Сәкенов жайлы жазылған «Ар мен заң алдында» кітабының лентасы қиылып, сот саласында жазылған жанрдың ауқымдылығы жайлы кеңінен талқылау болды. Жиында облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Досымбет Қалдарбек әріптесі Советхан аға жайлы жүрежарды лебізін білдірді. Болашақта заңгер, судья, сот прокурор, қорғаушы боламын деген жастарға бұл кітаптың беретін тәлім-тәрбиесі өте зор екенін, кітаптың тұсау кесер рәсіміне жиналған қаламгерлер мен заң саласының өкілдері зор бағасын берді. Жиын соңын Советхан Сәкенов өзі түйіндеді.

– Жүрек жарды лебіздеріңізді білдіріп келген барлықтарыңызға Алланың нұры жаусын! Әсіресе осы жиынға арнай келген Серік Катеңұлына, осы шараны ұйымдастырған облыстық соттың төрағасы Еліс Нұрқасымұлына, Алакөл, Ақсу аудандарының ел-жұртына шексіз алғыс айтамын. Кітапты жазған Қуат Қайранбаев мықты журналист, талантты ақын, жазушы 35 томдық айыптау қорытындысы мен 7 томдық үкімнен сығымдап отырып жазды және дәл соттың, судьяның психологиясын дәл беріп, сот жұмысының ауырлығы мен қиыншылығын қаз-қалпында қалың оқырманға ұсына білді, - деді.

Айтақын МҰХАМАДИ


## ТАРИХ

## ТОҒЫЗБҰЛАҚТАН ТАБЫЛҒАН ТАЙҚАЗАН

**Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылынан кездейсоқ олжа табылыпты. Белгілі журналист, National Geographic Qazaqstan журналының жоба жетекшісі Мақсат Ясылбайұлының айтуынша, бұл тарихи жәдігерді Тоғызбұлақ ауылының шаруалары биыл жаз айының басында тапқан.**

Артынша ол ескерткіштің құндылығын анықтау мақсатында тарихшы-археологтармен кеңескен. Тарихи маңызы зор екеніне көз жеткізген соң Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа хат жазып, зерттеу мәселесіне қолдау көрсетуді сұрапты. Президентіміз дереу комиссия құруға тапсырма беріп, бұл тарихи жәдігер «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына өткізілген екен.

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының маманы Досым Зікірия қазанның өлшемдері жайында былай депті: «Қуыстағанға орналасқан қола қазанның бүйірі сыртқа шығыңқы, дөңес күйінде құйылған. Қазанның бүйірінде екі жағынан доға пішіндес, жұмыр тұтқалар сәл көлбеу бұрышпен орнатылған. Ол тұтқалардың біреуі бүтін, қазанға орнатылған күйінде сақталса, екіншісі тұтқаның бір бөлшегі ғана табылды. Қазан табаны шұңқырлау. Қазанның ішкі және сыртқы бүйірлерінен құю кезінде пайда болған екі қалыптың түйіскен тұсында пайда болған жік көрінеді. Мұндай жік



екі тұтқаның қазан бүйіріне жанасқан тұсынан және тағанның қазанның түбіне жанасқан тұсынан да байқалады. Ернеуі сыртқа қарай сәл қайырылып, көлбеулеу орналасқан. Әзірше болжам бойынша қазан тұтастай құйылған деп есептеліп отыр. Кейіннен бір бүйірінде жаңа ай тәріздес 19x13 сантиметр жарық пайда болған және ол екі тұстан (сырты мен

ішінен) қоламен жамалған».

Осыған ұқсас қуыс тағанды және әртүрлі өлшемдегі қазандар бүгінге дейін Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданынан (1936, 1953, 1956 жылдары), Алматы қаласынан (1930, 1956, 1977, 1984 жылдары), Қырғызстаннан (1901, 1905, 1908 жылдары) табылыпты. Бірақ, «Тоғызбұлақ қазаны» тәуелсіздік кезеңінде, Жетісудан алғаш рет табылып отыр және көлемі мен пішіні жағынан алдыңғы табылғандарға ұқсай бермейді екен. Сондай-ақ, музей мамандарының мәліметінше, бұл кездесейсоқ олжалардың бәрі біздің

заманымызға дейінгі V-III ғасырлар деп мерзімделеді. Осыған дейін қола қазандардың 80-ге жуық түрлері табылса, олардың арасында үш тағанды қазандардың үлесі басым, ал мұндай қуыс тағанды қазандардың үлесі аздау боп келеді.

Ал музей қызметкерлерінің сөзінше, осыған дейінгі қол жеткен археологиялық деректерге сүйене отырып қуыс тағанды қазандардың таралу аймағы Алматы облысы және Қырғызстанның Ыстықкөл аймағы, мүмкін ҚХР-ның Шыңжаң аймағы.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ТҮРКІТІЛДЕС ЖУРНАЛИСТЕР ҚОРЫ

# САНАҒА СЕРПІН

*Бүгінгі журналистика өзі өмір сүріп отырған кезеңнің барлық өзекті мәселелеріне кеңінен араласуы тиіс әрі уақытпен бірге тыныстауы, тіпті, одан оза жүруі қажет. Бұл барлық ақпарат құралына қатысты дүние. Яғни, жанрлық және стильдік тұрғыда әртүрлі тақырыптарды қамти отырып, қоғамға нақты, шын ақпаратты жеткізе білуі аса маңызды.*



Бұл осы саладағы ақпараттық технологияны жақсы меңгерген, білікті, кәсіби сауатты жоғары мамандарсыз мүмкін емес. Сондықтан, жоғары білімді мультимедиалық журналистерді даярлау міндеті тұр. Ал Тәуелсіз Қазақстанды өлемге танытуда ұлттығымызды сақтауда, халықтық тәрбие беруде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы ерекше. Осындай мақсаттарды көздеген семинар-тренинг Алматы қаласында «Түркі тілдес журналистер қорының» ұйымдастыруымен, «Шеврон»

БАҚ-та әлеуметтік мәселелерді жариялау жолдарын дұрыс меңгеруін көздеді.

«Әлеуметтік журналистика: БАҚ-тағы әлеуметтік мәселелер» атты тақырыпта өткен семинардың алғашқы күні «Еуропалық бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік тақырыптағы ақпараттардың ресми құжаттарға сәйкес болуы. Қылмыстық және азаматтық жауапкершілік» тақырыбымен ашылды. Осы тақырып негізінде Ұлыбританиядан арнайы шақырылған медиа-тренер, «Avrupa Media Group», «Avrupa» газеті, «Avrupa ajansı» ақпараттық агенттігі, «Avrupa» радиоарнасы секілді бірнеше

не нақтылы жоқ объект туралы ақпарат. Бұл ақпарат кімге пайдалы және кімге пайдасыз дегенге үңілу тұсында ой өрбітті. Осы тұста айта кетейік, аталған қордың президенті Нәзия Жоямерген медиаторлық міндетін жауапты атқарып, түрік тілінде сөйлеген лондондық әріптес Ватан Өздің бүкіл сөзін қазақ тіліне аударма жасады.

### Ватан Өз не айтты?

«Сіз жолы болған, жетістікке жеткен, дәл қазіргі таңда өзіңіздің сүйікті ісіңізбен айналысып жүрген жансыз.

ауыр соққы, себебі сіз жұмысыңызды жақсы көресіз, дұрыс ақпарат бердіңіз. Алайда бәз біреудің көреалмастығынан осындай күйге түстіңіз. Әлбетте, сіз өте жаман сезімде болатыныңыз анық. Әлеуметтік желілердегі, БАҚ-тағы жалған ақпараттар да сол секілді. Яғни, дұрыс ақпарат бердіңіз, бірақ сізге жала жапты, бұған қатты ренжідіңіз. Егер сіз дәл осындай жалған ақпарат таратсаңыз өзгелерге дәл солай ауыр соққы болып тиюі мүмкін. Әрі, өзіңіздің жақсы көретін ісіңізден бездірмек. Осы тұрғыда бір қарапайым жағдаятты айтып кетейін. Мәселен, Сирия мен Иракта әлеуметтік желіден адамдар жалған хабар таратты. Ол жерде болмаған дүниелерді жазды. Салдарынан бүкіл әлем Сирия мен Иракқа әділетсіздік жасалып жатыр деп көшеге шығып, наразылық шарасын өткізді. Ал соңында, тексере келсе бұл өтірік болып шыққан. Артынша адамдардан неге бұлай жасадыңдар деп сұрағанда білмейміз, әлеуметтік желілерде солай хабарландырылды, біз тек ақпарат оқи сала көшеге шықтық деген. Айтпағым, жалған ақпарат тарату арқылы біреудің өміріне әсер ету ғана емес, мемлекетаралық мәселелерді ушықтырып, соғыс шығару жағдайына дейін өкеп тірейді. Білесіздер ме, Италияда жалған ақпарат таратқаны үшін үш миллион адамның фб-дағы парақшасын жауып, блоктап тастаған. Мұның бәрі келеңсіздіктердің алдын алу үшін жасалған дүние. Егер олай етпегенде жалған ақпарат елдегі жағдайды ушықтыруға, тіпті соғысқа дейін өкеп тірейтін еді. Әлгі үш миллион адамның бірінің әлеуметтік желіде бір миллионға жуық жазылушысы (подписчик) болған. Аккаунты жабылған бұл адамдар үнемі жалған хабар таратуды мақсат етіп, соған арнайы жұмыс жасайтындар болған.

Бірде американың танымал саясаткерлерінің бірі сайлауға түспек болды. Содан бәз біреулер оның жалаңаш суретін тауып алып, әлеуметтік желіге жарыялап жібереді. Соның кесірінен ол сайлауда жеңіске жете алмады. Бұл оның жеке өмірінен басқа саяси бағытына да кері әсер етеді.

Дәл қазір еуропаның ішінде Германияда түріктер өте көп шоғырланған. Дәл



компаниясының демеушілігімен өтті.

Алматы, Қызылорда, Шымкент, Тараз, Талдықорған, Орал және басқа аудан-аймақтардан 40-қа жуық журналист қатысқан екі күндік семинар жұмысының басты мақсаты – қазақ журналистерінің баспасөз саласындағы халықаралық тәжірибе, жауапкершілік, журналистік этика және құқық, деректерді тексеру және

БАҚ-тың басшысы Ватан Өз мырза өз тәжірибесімен бөлісті.

Семинар жұмысында Ватан бей Еуропалық басылымдарда жарияланған жалған ақпараттар және оның салдары жайында кеңінен тоқталды. Оның сөзінше, жалған ақпарат дегеніміз, объектінің сипаттамалары мен белгілері дұрыс емес әрі қате бейнеленген ақпарат,

Тіл жайында ақпарат оқып, осы бір маңызды дүниені жарияладыңыз делік. Алайда, өзге бір сайттағы, газеттегі яки телеарнадағы бәсекелес әріптесіңіз мынау өтірік ақпарат таратты деп жұртқа жария салады. Осы сәтте өзіңізді қалай сезінер едіңіз? Сіздің шынайы ақпаратыңызды жалған деп жала жапты. Бұл психологиялық тұрғыдан



## ТҮРКІТІЛДЕС ЖУРНАЛИСТЕР ҚОРЫ

## БЕРГЕН СЕМИНАР

осы жерде танымал, беделі жоғары басылым бар. Бұл жалған ақпарат бермейтін, оқырмандар сеніміне ие болған газет. Алайда сол басылым Түркияға қатысты жалған ақпарат таратқаны үшін кешірім сұраған. Яғни, газеттің бір қызметкері 56 хабар таратса, оның 14-і Түркиядағы өтірік қағармандар турасында болды. Осындай жалған хабар жаза берген соң Түркия үкіметі арнайы зерттеу жүргізіп, нәтижесінде, ақпаратта берілген адамдардың жоқтығы расталған. Сондықтан, бір журналистің жалған ақпарат таратқаны үшін басылым басшылығы кешірім сұрауға тура келген.

Жалған ақпарат туралы көп дүние айтуға болар еді. Дегенмен сөзімді осы жерден түйіндесем деймін. Сіз кез-келген ақпаратты жазар алдында оның оқырмандарға қалай есер ететінін және дұрыс, шынайы, нақты ақпарат таратудың қаншалықты маңызды екенін сезінулеріңіз керек, – деген Ватан бей жалған ақпарат таратудан сақ болу қажеттігін, естіген ақпараттың өтірік-шынын білмеген жағдайда ресми орындардан нақтысын білуі шарт екенін де ескертті.

AVRUPA порталының иесі Ватан Өз мырза жаңа технологиялар мен әлеуметтік желілерді пайдаланудың маңыздылығын да баса айтты. Оның сөзінше, керемет, тәжірибелі журналист болыңыз, егер Google-дың шарттарын білмесеңіз, дос болмасаңыз ісіңіз алға баспайды. Семинар барысында қалтафон қызметінің де ұшан-теңіз екені, бүгінгі таңда ақпаратты тез әрі қауіпсіз тарату үшін студиялық видеокамералардың қызметін бір ғана ұялы байланыс смартфондары атқаратыны да түсіндірілді.

«Қазіргі күні тілшілер жаңалықтарды дер кезінде заманауи смартфондар арқылы түсіріп, жолдап отырады. Сайт қашанда оқырман маңыздылығын бірінші орынға қоятындықтан, әр ақпараттың сенімділігіне көз жеткізбей тұрып хабар таратпау керек, ақпараттың

## Есте қалар есті сөз

Расында да, маманның бұл айтқандары көңілге қонымды. Ал біздің елдегі кейбір сайттарда рейтинг үшін анық-қанығы ашылмаған хабарлар таратып жатуы оқырмандар құқын аяққа басумен бірдей емес пе деген ойға қаласың?! Маманның айтқандарынан түйгеніміз, жалған ақпарат таратуда журналистикадағы барлық дүниені құрдымға кетеді.

Ватан Өз мырза вэбсайт ашсам дегендер үшін де аз-кем ақпарат беріп, кеңінен тоқталып өтті. Айтуынша, вэбсайте жарияланған ақпаратты ешқашан өшіруге болмайды. Екіншіден, сенсация, рейтинг қуып жалған ақпарат таратпау керек. Үшіншіден, авторлық құқықты (копирайт жасамас) сақтаған жөн. Яғни, біреудің жазғанын алып, өз атыңнан қоя салуға болмайды.

Шынында да соңғы уақытта БАҚ саласында копирайт мәселесі кеңінен етек алып баратыны рас. Барлығы деп көпке топырақ шашпайық, бірақ біреудің жазған дайын ақпаратын өз атынан беретін әріптестер де жүр арамызда.

Лондондық маман семинарда әлемдегі BBC, CNN, REUTERS сынды ірі ақпарат құралдарындағы әлеуметтік мәселелердегі журналистік этика қалай жүретіні туралы сөз етті, сонымен қатар осы ақпарат құралдары туралы кеңінен мәлімет берді.

Журналистика саласында жиырма жылдан астам уақыт қалам тербеп келетін Ватан Өздің айтқанынан түйгеніміз, нағыз журналистер жан ауыртпай-ақ жаңалық жеткізе білу қажет. Өйткені, қанша қаралы хабар болса да көрерменнің қорқынышты кино көріп отырғандай күйге түсірмеу басты орында. Яғни, адами этика мен әдепке сүйене білу де аса маңызды.



аса маңызды дейді. Өзінің көзқарасын, ұстанымын, жеке басындағы жеккөрінішін сайтқа, газетке араластырмау қажет. Яғни, өз дұшпанын қожайындық ететін сайт яки газет, телеарнаның дұшпаны болмауына жол бермеу тиіс.

Семинар соңында Ватан бей тікелей эфир қалай жасалуы керек, нені ескерген жөн деген мәселелер бойынша да толық ақпарат берді.

Еркін форматтағы семинарда журналистер өздерінің сауалдарын қойып, пікірлерін білдірді. Сонымен қатар «Шеврон» компаниясының әлеуметтік жобалар бойынша серіктестермен шеберлік сағаты болды.

## Біліктілік шыңдалған күн

Семинар-тренингтің екінші күні де қатысушыларға ерекше серпін берді. Әлеуметтанушы-журналист Дина Имамбаева мен «Қазақстан» ұлттық арнасындағы әлеуметтік мәселелерді қозғайтын «Қарекет» бағдарламасының продюсері Самал Мейрамқызы, IT-маманы Ернұр Зейнуллаевтың берген сабақтары да көңілге қозғау салып, көкейге талай ой түйдірді. Әлеуметтанушы-журналист Дина Имамбаева әлеуметтік саланың әлеуетін көтерудегі келелі кеңестер беріп, «Айқын» газетінің мысалында әлеуметтік тақырыптағы мақалаларға контент-талдау жасады. Сонымен қатар журналистердің осы тақырыптағы материалдарды әзірлеуіне көп көмегін тигізетін сандық және сапалық зерттеу әдістері, сауалнаманы өңдеу және инфографика жасау жолдарын да көрсетті. Тренинге қатысушыларды үш топқа бөліп, әрқайсысына тақырып беріп, сол бойынша жарысқа түсірді. Бұл тұста журналистер өздерінің ынтымақтастығын таныта білді.

Ал әлеуметтік бағдарламаларда резонанс тудыру, журналистің рөлі мен маңызы, бағдарлама түсіру барысындағы түйткілдер мен оларды шешу жолдары жайлы әңгімелеген «Қазақстан» ұлттық арнасындағы әлеуметтік мәселелерді қозғайтын «Қарекет» бағдарламасының продюсері Самал Мейрамқызы журналистикадағы нағыз қалыптасқан білікті де білгір маман екендігін танытты. Тренинг барысында бір түсірілімнің небір қиындығын тәптіштеп тұрып түсіндіріп берген Самалдың еңбекқорлығына да тәнті болдық десек асыра айтқандық болмас.

Оның айтуынша, журналист әр қолға алған іске жай жұмыс деп қарамай, соған жанын салғанда ғана нәтижесін көрсетеді. Яғни, адамдық пен кәсібилікті қатар алып жүру басты міндет. Сонда жұмысың алға басып, жемісін бермек. Сонымен

қатар аз сөйлеп, көп мағлұмат беруді де басты орынға шығару қажеттігін айтады. Мәтін жазғанда ресми тілде емес, жүрек пен жанды міндетті түрде қосу абзал. Әлеуметтік тақырыпта осы мәселелерге басты назар аудару керек. Одан кейінгі тұста кейіпкерді аша білу. Бұл тұста оператордың да жұмысы маңызды. Оператор мен журналист міндетті түрде гармонияда болуы тиіс. Ал материал жинауда мынау керек, мынау керек емес деген ойдан алшақ болу қажет. Неғұрлым көп мәлімет, бейнетүсірілім болатын болса, ыңғайыңызға қарай реттеп алу оңай. «Кейіпкерді ашу үшін жылау керек болса жылаған жөн. Мен журналистпін, ұят болды деп қатып тұрмау керек. Кейіпкер жыласа жылап, жыламаса, жылатуыңыз қажет. Яғни эмоцияны бере білу жөн. Сондай-ақ, мұнда адамдақты да көрсете білу басты міндет. Бұл хабарға рейтинг беріп қана қоймай, оның жақсы шығуына оң әсерін тигізеді», – дейді Самал Мейрамқызы.

Медиа-тренинг журналистің этикасы, құзырлы органдармен жұмыс жайлы соқырға таяқ ұстатқандай етіп түсіндіре білген Самалдың нағыз кәсіби маман екеніне көз жеткіздік.

XXI ғасыр ақпараттық технологиялар заманы болғандықтан журналистер соңғы шығып жатқан технологиямен, мобильді қосымшаларды білуі шарт. Бұл тұста семинар соңына қарай «PicMotion, WavePad Audio Editor, Ustream, аудио монтаж программаларымен жұмыс жасау әдістерін IT маманы, медиа-тренинг Ернұр Зейнуллаев түсіндірді. Сайт ашу және оны жүргізу жөнінде асықпай, тәптіштеп түсіндіріп берген IT маманына да журналистер дән риза болды.

Семинар соңында еліміздің әр өңірінен келген журналистерге сертификаттар тапсырылды, естелік суретке де түсті. Игі шараны ұйымдастырушы «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ президенті Нәзия Жоямергенқызы отандық журналистердің біліктілігін арттыру мақсатында әлі талай бастамалар өтетінін айтты. Сонымен қатар журналистердің кәсіби шеберлігін шыңдауға, жаңа медианы тәжірибе жүзінде жетік меңгеруге ықпал ететінін де жеткізді. Талабы таудай жанға қатысушылар да өз тілектестіктерін білдірді.

Алматы төрінде өткен берері мол семинар-тренинг енді 10-11 тамызда Астана қаласында өткізілмекші.

Айта кетейік, «Түркітілдес журналистер қоры» 2014 жылдың қараша айында құрылды. Содан бері қарай қоғамдық қор түркі мемлекеттеріндегі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен серіктестік орнатып, іскерлік ынтымақтастықты арттыру бағытында жұмыс істеп келеді.

Сарби ӘЙТЕНОВА  
ТАЛДЫҚОРҒАН-АЛМАТЫ



дұрыстығын білу үшін дереккөзді дұрыс таңдай білу қажет. Оқырманға оңды-солды, тексерілмеген ақпаратты тықпалауға болмайды. Сіздің бір-екі жалған хабарыңызды оқыған оқырман немесе көрермен басылымыңыздан, сайтыңыздан кете бастайды. Өз кезегінде бұл оқырманыңыздан алшақтауға апарады», – дейді лондондық маман.

Журналистикада ескерер талаптарды тәптіштеп айтып берген Ватан бейдің әр сөзі көңілге қонып, санада сан түрлі ой қозғады. Мәселен, журналист ҰҚК-нің жансызы, прокуратураның қызметкері, полицияның бір бөлшегі сынды болуға тиіс дейді. Яғни, кез-келген бұрышта, белгілі бір орындарда сенімді адамдары болғаны жөн дегенді меңзеді. Сондай-ақ, барлық мамандық иелерімен дос болу да

Необходимым условием осуществления любого действия и процесса является потребление энергии. Использование энергии человечеством растет в геометрической прогрессии. Данные Международного энергетического агентства показывают, что по итогам 2016 года общее первичное потребление энергии в мире составило 13.7 млрд. тонн нефтяного эквивалента, и это на 57% больше чем в 1990 году. 60% от общего энергопотребления составляют уголь и нефть, то есть ресурсы, оказывающие колоссальное воздействие на окружающую среду. Чем больше производится энергии, тем больше парниковых газов попадает в атмосферу. Результат - необратимые изменения климата.

Даже учитывая, что разведанные запасы природных ресурсов очень велики, при нынешних условиях потребления и прогнозируемых темпах их разработки истощение природных богатств переходит в недалекую перспективу.

В целом, для удовлетворения потребностей человечества в энергетических ресурсах и минимизации последствий на окружающую среду, будущей энергетике придется решать три основные задачи:


- экономно использовать ископаемое топливо;

- эффективно использовать энергию (уменьшить потери в процессах генерации, трансформации, передачи и потребления);

- увеличить долю использования возобновляемых и новых источников энергии.

При этом, эффективное использование энергии – самая доступная из имеющихся форм новой энергии. Она имеет множество положительных эффектов, таких как сокращение расходов, борьба с глобальным потеплением, более чистый воздух, здоровая планета для будущих поколений и, самое главное, повышение конкурентоспособности страны на мировом уровне.

А энергосбережение, в свою очередь, –



# ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЕ

это приемы и методы эффективного и экономного использования энергетических ресурсов планеты. Т. е. главная задача энергосбережения — сохранять ресурсы, как имеющие прямое отношение к производству энергии, так и косвенно касающиеся данного вопроса.

До недавнего времени нам были неизвестны проблемы, связанные с потреблением топлива, электричества и воды из-за их низкой стоимости. Экономия настолько мала, что не стоит нашего внимания. В настоящее время затраты на энергетические ресурсы в Казахстане намного ниже, чем в странах Европы и Америки. Но при существующих темпах роста тарифов и цен на энергетические ресурсы в ближайшем будущем мы догоним западные страны. В сравнении с 2010 годом стоимость угля выросла в более чем в 2 раза, стоимость теплоэнергии на 66% и газа на 75%.

Поэтому, уже сегодня нашей стране нужно держать курс на энергосбережение, при этом необходимо понимать, что усилия, которые предпримет по этому вопросу население, сегодня сэкономят колоссальные средства, а завтра подарит им выгоду. Чтобы изменить мир – нужно начинать с себя. Ведь энергоэффективное поведение населения и каждого человека не требует много времени и затрат.

## ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЕ В БЫТУ

Чтобы показать, насколько важен для нас вопрос энергосбережения, мы хотим привести один простой пример: Оставим включенным одну лампочку накаливания, мощностью 60 Ватт, на протяжении всего года. В году 8760 часов. Умножаем это число на мощность лампочки 0.06 кВт, получаем 525,6 кВт\*час. То есть столько электроэнергии в год потребляет наша лампочка. И самое интересное, чтобы обеспечить ее работу нужно сжечь порядка 200 кг угля. А если лампочка 100 Ватт, более 320 кг угля.

Но тут сразу нужно отметить, что нельзя путать энергосбережение и экономию электроэнергии, потому что энергосбережение – более обширное понятие, которое включает в себя экономию всех энергетических ресурсов, прежде всего ископаемых. В домашнем хозяйстве в первую очередь потребляется энергия на отопление, что и составляют львиную долю потребляемой энергии в быту.

С каждым годом на бытовые нужды расходуется всё большая доля электроэнергии, газа, тепла, воды; в огромных масштабах ра-

стёт применение бытовой электрифицированной техники, идет износ жилищного фонда.

Сегодня потребление энергии является одним из важнейших не только экономических, но и социальных показателей, во многом предопределяющих уровень жизни людей. В мире ведется рейтинг потребления электроэнергии на душу населения, в котором Казахстан занимает 43 место. В свою очередь, первые 30 стран являются развитыми странами всего мира. Из этого следует, что потребление электрической энергии в Казахстане будет только расти, особенно за счет бытового сектора.

Но что же делать, чтобы снизить потребление. Увы, снижение потребления энергии в бытовом секторе остановить невозможно, все, что мы можем, это лишь замедлить темпы его роста. И тут самая сложная проблема - начать с себя. Нужно научиться соблюдать элементарные правила культуры энергопотребления. В зарубежных странах уже проходят курсы по энергоэффективному вождению транспортных средств, так что, Казахстану нужно быстро нагнать все пробелы в энергоэффективности. Как показывает практика, за счет энергосбережения можно сэкономить до половины оплаты коммунальных услуг. Поэтому мы подготовили некоторые способы энергосбережения в быту:

Экономия тепла

1. Заделка щелей в оконных рамах и дверных проемах;
2. Уплотнение притвора окон и дверей;
3. Установка окон с многокамерными стеклопакетами;
4. Установка теплоотражающего экрана (или алюминиевой фольги) на стену за радиатор отопления;
5. Замена чугунных радиаторов на алюминиевые (желательно с вентилями-термостатами);

Если вы живете в многоквартирном доме, то обязательно нужно уточнить у управляющей компании, установлены ли у вас в доме прибор учета тепла и автоматическая система регулирования теплотребления. Не лишним будет сделать тепловизионную съемку дома для утепления фасадов и стен.

Экономия электрической энергии

1. Заменяйте обычные лампы накаливания на светодиодные;
2. Применяйте местные светильники,

когда нет необходимости в общем освещении.

3. Возьмите за правило выходя из комнаты гасить свет.

4. Раз и навсегда разберитесь с классами энергоэффективности бытовых приборов. Применяйте технику класса энергоэффективности не ниже А (желательно А+, А++ и А+++);

5. Отключайте устройства, длительное время находящиеся в режиме ожидания. За год можно сэкономить порядка 300 кВт\*час;

6. Кипятите в электрическом чайнике столько воды, сколько хотите использовать;

7. Устанавливайте холодильники в затененном и прохладном месте;

8. Электрическая плита самый энергоемкий прибор в быту. Нужно следить, чтобы бы конфорки не были деформированы и плотно прилегали к дну нагреваемой посуды, включать плиту нужно именно в момент готовки, а выключать чуть раньше, чем будет готова пища.

Если вы живете в многоквартирном доме, нужно добиться установки датчиков движения и светодиодных ламп на лестничных площадках и в подвалах. В целом вполне реально сократить потребление электроэнергии на 40-50% без снижения качества жизни и ущерба для привычек.

Для сведения хотели бы отметить, что электрическая плита потребляет порядка 1000 кВт\*час в год, холодильник - 400 кВт\*час, телевизор - 250 кВт\*час, стиральная машина - 200 кВт\*час и т.д.

Экономия газа

1. Пламя горелки не должно выходить за пределы дна кастрюли, сковороды, чайника;
2. Деформированное дно посуды приводит к перерасходу газа до 50%;
3. Посуда, в которой готовится пища, должна быть чистой и не пригоревшей;
4. Дверца духовки должна плотно прилегать к корпусу плиты и не выпускать раскаленный воздух;
5. В некоторых случаях, экономия горячей воды также дает снижению потребления газа.

В целом, просто экономное использование газа дает сокращение его потребления в 2 раза.

В заключении хотелось бы отметить, что мы сами создаем атмосферу комфорта во-

круг себя, ведь все предлагаемые выше меры улучшают условия жизни и пребывания в доме, а также создают комфорт и тепло. Мы начинаем вести энергоэффективный образ жизни, но главное быть постоянным, сделать энергосбережение неотъемлемой частью жизни.

## КЛАСС ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОСТИ БЫТОВЫХ ПРИБОРОВ

Сегодня в крупных магазинах и торговых залах всегда можно заметить много разных этикеток, одни фирменные - обозначают главное отличие того или иного оборудования, другие указывают на акцию, а вот третьи должны сыграть свою непосредственную роль в выборе бытовой и иной техники. Любая техника сегодня должна быть не только качественной и красивой, но и экономичной.

Поэтому мы сегодня расскажем вам про этикетки, которые обозначают классы энергоэффективности оборудования. А если быть точнее, хотим остановиться на энергоэффективности холодильников бытового назначения. Холодильник - бытовая техника, которая присутствует в каждом доме и подключена к источнику питания круглый год. Выбирать холодильник нужно очень тщательно, ведь потребности семьи разные, зачем вам большой объем холодильника, если там всегда будет пусто.

Впрочем, стоит учитывать, что количество потребляемой энергии напрямую зависит и от условий эксплуатации холодильника:

- загруженности продуктами;
- частоты открывания дверей;
- объема камер;
- температуры окружающей среды.

Класс энергоэффективности холодильников обозначается латинскими буквами от А до G. Самые экономичные приборы класса А. Для простоты восприятия буквенному обозначению соответствует определенный цвет. Класс энергоэффективности А обозначают ярко-зеленым цветом, класс В – салатным,

D – желтым, G – красным. Сегодня этих индексов уже не хватает, поэтому класс А сами производители расширили индексом «+». Теперь самой экономичной техникой считаются приборы классов А++ и А+++.

Нужно понимать, что показатель энергоэффективности позволяет обратить внимание на более экономичную модель от нормативного «стандартного» оборудования. Но к счастью, любая этикетка холодильников содержит показатель энергопотребления, и это – наиболее важная характеристика, так как она отражает годовой расход электроэнергии в кВт\*ч.

Благодаря этому, можно простым способом рассчитать экономическую эффективность при выборе холодильников – умножив разницу между годовым энергопотреблением двух холодильников на ваш действующий тариф по электроэнергии, легко получив годовую экономию в денежном выражении за счет эксплуатации холодильников.

В Казахстане был проведен опрос домашних хозяйств. В опросе участвовало более 21 000 домохозяйств. В одной из форм данного опроса заполняли данные по холодильникам. Выводы были сделаны следующие: в Казахстане используется порядка 5 млн. холодильников. Учитывая, что в среднем холодильник потребляет порядка 400 кВт\*час в год, можно определить, что только холодильные приборы потребляют порядка 2 млрд. кВт\*час в год. Также было выявлено, что всего 5% домохозяйств пользуются холодильниками класса энергоэффективности А и выше.

В конце 2018 года Программой развития ООН были организованы контрольные закупки холодильников с целью проведения оценки соответствия заданным техническим характеристикам энергопотребления. В результате, один из пяти брендовых холодильных приборов не подтвердил свои заявленные характеристики.

В заключении хотелось бы отметить, что этикетки энергетической эффективности помогут вам сделать свой осознанный выбор в отношении энергопотребления и эффективности прибора еще до его покупки. Выбирайте энергоэффективные холодильные приборы.

## Бейсенбі - Четверг, 15 тамыз

### ҚАЗАҚСТАН

06.05, 14.00 «Көңіл толқыны»  
06.30, 17.00, 20.00, 01.10, 03.50 AQPAPAT  
07.00 «TANSHOLPAN»  
09.30 М/ф «Қарақшы мен капитан»  
10.00 «Quzyq екен...»  
10.50, 18.10 Т/х «Қайран күндер»  
12.35, 02.30 «Серпін»  
13.00, 20.30 Т/х «47 баланың анасы»  
15.00, 21.30 Т /х «Гүлпері»  
16.00, 01.40 «SHANYRAQ»  
17.15, 22.30 Т/х «Бізбен бірге»  
23.20 Т/х «Құбылай хан»  
00.10 «ӘзілMAN»  
02.55 «Қарекет»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар  
07.30, 02.00 Т/х «Женнеттің көз жасы»  
08.50 Т/х «Қайсар жесір»  
09.50 Новости (повтор)  
10.20 Т/с «Пес-3»  
12.30, 23.40 Х/ф «Лестница в небеса»  
14.40 Х/ф «Виноград»  
16.35, 01.30 Т/х «Аталар сөзі»  
17.20 Мерекелік концерт  
18.00 Т/с «Сүйікті Дениз-2»  
19.30 Кешкі жаңалықтар  
20.00 «Астарлы ақиқат»  
21.00 Вечерние новости  
21.30 Т/с «Пес-3»  
03.10 «Әйел қырық шырақты»  
03.55-04.30«КТК қоржынынан» ойын-сауық

### ЖЕТИСУ

07. 05 Өн әлемі.  
07.30«Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Арнайы репортаж  
10.30 Ұлт пен рух  
11.00 Телесериал «Елес қыз»  
11.40 Д/ф «Джек-дрофа»  
12.00 Шашу  
12.50 Net.laik  
13.00 К/ф «Фурелен»  
14.15 Д.ф. «Секреты раскрываются»  
15.05 Концерт «Ұлы дала қызымын»  
17.00 Жаңалықтар  
17.20 Новости  
17.35 Монолог  
18.00 Шашу  
19.00 К/ф «Менің атым Қожа»  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Тастүлек  
21.20 Д/ф «Прерванный путь»  
21.30 Новости  
22.00 Телесериал «Елес қыз»  
22.35 Д/ф «Қорғалжын»  
23.00 Жаңалықтар  
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Ризамын»  
07.00 Информбюро  
08.00 What App  
09.00 М/с «Маша и Медведь»  
10.00, 23.00 «Әзілдер жинағы»  
10.30, 21.00 Т/с «Адаққан ғұмыр»  
12.30 Т/х «Мехектің өмірі»  
14.30 М/с «Тимон и Пумба»  
15.00 М/с «Стич»  
16.00 Т/с «Реальные пацаны»  
17.30 Т/с «Сваты»  
20.00 Информбюро  
00.00 Т/х «Үш қыздың құпиясы»  
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері  
04.00 «Келіндер бәйгесі»  
05.30 «Әзіл студио»

### 7 КАНАЛ

06.00, 13.40 Т/х «Жаңа келін»  
06.50, 21.05, 03.00 Т/х «Элиф»  
09.00 М/с «Даша и друзья: приключения в городе»  
10.20 Сериал «Роковая песня»  
12.40, 03.45 Т/х «Жазмыш»  
15.00 «Салем Шоу»  
15.30 Т/с «Наше счастливое завтра»  
17.40 Сериал «Я люблю своего мужа»  
19.00 Х/ф «Рокки-4»  
21.00 Лотерея 777  
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»  
00.20 «КЗландия»  
04.30 «Жеңіп көр»  
05.15 «Қуырдақ»

## Жексенбі - Воскресенье, 18 тамыз

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қызық екен»  
06.50 Т/х «Қазақ даласының құпиялары»  
07.20 «Сәлем, Қазақстан!»  
08.40, 01.55 «Дара жол»  
09.30, 01.35 «Ақсауыт»  
09.50 М/с «Мен және менің роботым»  
10.50, 18.10 Т/х «Қайран күндер»  
12.40 «Ұлытау ұлы» концерт  
15.00 К/ф «Жалға алынған құдалар»  
16.45, 00.10 «Веу» ток- шоу  
20.00, 02.45 Д/ф «Қайсар»  
20.25 «Әзіл әлемі»  
22.25 «Армандай біл»  
03.10 «Минбер» ток-шоу

### ХАБАР

06.00 «Ұяат болмасын»  
06.45 Концерт  
08.45 М/с «Нильс Хольгерсон»  
09.45 Сказка «Прекрасный принц и фея Люпина »  
10.45 «Джио научит»  
11.10 «Қызық таймс»  
12.20 «Қарақатпен шай»  
13.10 Мегахит «Александр»  
16.15 Т/х «Аға»  
19.15 «Топжарған»  
21.00 «7 күн»  
22.00 «Счастливое число Слевина»  
23.45 «Шашу»

### АСТАНА

06.00, 01.20 «Өн мен әзіл»  
07.00 «Әзілстан» жасырын камера

## Жұма - Пятница, 16 тамыз

### ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.25 Өнұран  
06.05,14.10 Көңіл толқыны  
06.30,17.00,20.00,01.45,03.55 AQPAPAT  
07.00 «TANSHOLPAN» бағдарлама  
09.30 М/с. «Қарақшы мен капитан»  
10.00 «Қызық екен»  
10.50, 18.10 Т/х. «Қайран күндер»  
12.35 Д/ф. «Ұлы дала ұлағаты»  
13.00 , 20.30 Т/х. «47 баланың анасы»  
14.00 «100 бизнес бастауы»  
15.00, 21.30 Т/Х «Гүлпері»  
16.00, 02.15 «Шаңырақ»  
17.15, 22.30 Т/х. «Бізбен бірге»  
23.20 Т/х. «Құбылай хан»  
00.10 «Әзілман»  
01.10 «Parasat maidany»  
03.05 «Минбер» ток-шоу

Хабар

### ХАБАР

07.00 Қызық Times  
08.00, 12.00 Жаңалықтар  
08.10,09.10 М/с. «Юху и его друзья»  
09.00, 13.00 Новости  
10.15 Хабар  
10.45,18.45 Т/х. «Аға»  
11.30, 19.30 Т/х. «Бәсеке 2»  
12.10 «Народный контроль»  
12.35 «Бабалар ізімен»  
13.10 Сериал «Дурная кровь»  
14.50 Т/х «Шашу»  
15.20 Т/х. «Ақылдың кілті. Өмірдастан»  
16.50 «Ережесіз әңгіме»  
17.40 «Религия. Сегодня»  
18.00 Т/х. «Қарлығаш ұя салғанда»  
20.00, 01.10 Қорытынды жаңалықтар  
20.30 Интеллектуальное шоу «Zerde»  
21.00 Итоги дня  
21.30 Мегахит  
23.10 Khabar boxing  
01.40 Әсем әуен

### АСТАНА

06.00, 03.30 «Өн мен әзіл» концерт  
06.30 KazNet ғаламторға шолу  
06.50 «Әзілстан»  
07.50 М/ф.  
10.00, 22.00 «Абысындар» т/х  
11.30 Сериал «След»  
13.30 «Көңілімнің султаны» кино  
16.30 «Тенгемания Next»  
16.45 Т/х. «Қорғансыз»  
18.00,00.30 Т/х «Кешіккен хат»  
20.00,02.30 Жаңалықтар  
20.30,03.00 «Новости 20:30»  
21.00 Т/х. «Үмітінді үзбе»  
23.30 Т/х. «Бір туған»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 Той базар  
06.45, 18.00 Басты жаңалықтар  
07.45 Жұма уағызы  
08.00 Доброе утро  
11.00 Сериал «Когда прошлое впереди»  
12.00 Қалаулым  
15.00 Х/ф. «Подлец»  
16.50 «Жди меня» Казахстан  
18.45, 02.45 «Заң сөйлесін»  
20.00 Главные новости  
20.45 Поле чудес  
21.55,00.00 Сериал «Колодец забытых желаний»  
23.00,02.00 Паутина

08.00, 12.00 М/с  
09.45,11.45 «Тенгемания Некст»  
10.00, 22.00 «Абысындар»  
11.00 «КазНет»  
11.25 «Индонезия»  
13.00 «Бауыржан фест»  
15.20 К/ф «Мұң»  
17.20 Х/ф «Папина дочка»  
19.20 «Той жыры»  
20.00 Т/х «Үмітінді үзбе»  
23.00 Х/ф «Эго»  
02.20 «Күлдірген»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «ОА» Т/х  
07.00, 02.40 «Тамша сити»  
07.55, 12.50 «Контент»  
08.30 «Ұшқалақ»  
08.40 «Воскресные беседы»  
09.00 Сериал «Парфюмерша-3»  
13.30 «Точь-в-точь»  
16.30 Х/ф «От сердца к сердцу»  
18.35, 03.25 Т/х «Кеш қалмайық»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «ОА» Т/х  
07.00, 02.40 «Тамша сити»  
07.55, 12.50 «Контент»  
08.30 «Ұшқалақ»  
08.40 «Воскресные беседы»  
09.00 Сериал «Парфюмерша-3»  
13.30 «Точь-в-точь»  
16.30 Х/ф «От сердца к сердцу»  
18.35, 03.25 Т/х «Кеш қалмайық»

### КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ  
07.05 Кешкі жаңалықтар  
07.30,01.30 Т/х. «Женнеттің көз жасы»  
08.50 Т/х. «Қайсар жесір»  
09.50 Новости  
10.20 Х/ф. «Пес -3»  
12.30 «Лестница в небеса»  
14.30 Х/ф «Виноград»  
16.35,01.00 Т/х. «Аталар сөзі»  
17.20 Мерекелік концерт  
18.00 Т/х. «Сүйікті Дениз-2»  
19.30 Кешкі жаңалықтар  
20.00,02.40 «Әйел қырық шырақты-2»  
21.00 Вечерние новости  
21.30 Х/ф. «Держи меня за руку»  
03.30- 04.30 «КТК қоржынынан»

### ЖЕТИСУ

07.05 Өн әлемі  
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Мультфильм  
10.10 Тастүлек  
10.30 Д/ф «Серый сорокопуть»  
11.00 Телесериал «Елес қыз»  
11.35 Д.ф. «В поисках знаний».  
12.05 Шашу  
13.00 К/ф «Әкем екеуіміз»  
14.20 Өндер мен жылдар  
16.35 Д/ф «Ақбас тырна»  
17.00 Жаңалықтар  
17.20 Новости  
17.35 Монолог  
18.00 Шашу  
18.50, Д/ф «Золотой человек»  
19.00 «Сөз киесі» әдеби кеш  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Ел мен жер  
21.30 Новости  
22.00 Телесериал «Елес қыз»  
22.35 Д/ф «Жорға дуадақ»  
23.00 Жаңалықтар  
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

05.58 Өнұран  
06.00, 04.40 Ризамын  
07.00, 20.00 Информбюро  
08.00 Whats App  
09.00 М/с Маша и Медведь  
10.00, 23.00 Әзілдер жинағы  
10.30, 21.00 Сериал «Адаққан ғұмыр»  
12.30 Сериял «Мехектің өмірі»  
14.30 М/с «Тимон и Пумба»  
15.00 М/с «Стич»  
16.00 Сериял «Реальные пацаны»  
17.40 Сериял «Сваты»  
00.00 Сериял «Үш қыздың құпиясы»  
01.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар  
04.00 «Келіндер бәйгесі»  
05.30 Әзіл студио

### 7 КАНАЛ

06.00,13.40 Т/х «Жаңа келін»  
06.50,21.05,03.00 Т/х. «Элиф»  
09.00 М/с. «Даша и друзья:приключения в городе»  
10.20 Сериал «Роковая песня»  
12.40, 03.45 Т/х. «Жазмыш»  
15.00 Сериал «Наше счастливое завтра»  
17.05 Сериал «Спецотряд «Кобра-11»»  
18.50 х/ф «Рокки - 5»  
21.00 Лотерея «777»  
23.10 Т/х «Әкесінің баласы»  
00.20 Х/ф. «Наследие Рокки»  
02.20 КЗландия  
04.30 Жеңіп көр  
05.30 Қуырдақ

20.00, 22.45 Сериал «Березка»  
22.00, 02.10 «Паутина»  
23.45 Х/ф «Социальная сеть»

### КТК

07.05 «Қуандық Рахымның концерті»  
09.00, 03.30 «Басты рөлде»  
09.30 «Юрмала»  
11.30 Х/ф «Счастливая жизнь Ксении»  
15.30, 04.30 «Көріпкел»  
16.20, 02.20 К/ф «Ағажан қызыметіңізге әзірмін»  
18.00 «Армандаған достық» өн –шашу  
21.00 «Хочу быть счастливой»  
00.50 «Я стесняюсь всего тела»

### ЖЕТИСУ

09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Мультфильм

## Сенбі - Суббота, 17 тамыз

### ҚАЗАҚСТАН

06.00,03.45 Өнұран  
06.05 Quzyq екен  
07.00 AQPAPAT  
07.30 «Сәлем Қазақстан»  
08.45 М/с. «Мен және менің роботым»  
09.25 М/ф. «Қиял алқабы»  
10.50, 18.10 Т/х. «Қайран күндер»  
12.40 Т/х. «Бізбен бірге»  
14.20 «Өндер мен жылдар»  
16.20 «Әйгерім» драмасы  
20.00 «МASELE»  
20.40 Әзіл әлемі  
22.25 «Jaidatman» үздік әзілдер  
00.05 «Бақыт жолында» драмасы  
02.15 Dara jol  
03.10 Parasat maidany

### ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Өнұраны  
06.00 Ұят болмасын  
06.45 Концерт «Туған елім»  
08.45 «Я – чемпион»  
09.15 М/с. «Нильс Хольгерсон»  
10.15 Сказка «Поющее дерево»  
11.15 Кулинарная программа «Джио научит»  
11.45 Д/ф. «Бір туынды тарихы»  
12.15 «Сені іздедім»  
13.00 Концерт «Жұлдызым»  
15.00 Мегахит «Появляющийся»  
16.45 Т/х. «Бәсеке-2»  
19.15 «Жұлдызды жекпе-жек»  
21.00 «7 күн»  
22.00 Мегахит. «Александр»  
01.00 Т/х. «Шашу»

### АСТАНА

06.00 «Өн мен әзіл»  
07.00 «Әзілстан» жасырын камера  
08.00 М/ф.  
09.45 ТенгеманияNext  
10.00,22.00 Т/х. «Абысындар»  
11.30,01.30 KazNet ғаламторға шолу  
11.45 ТенгеманияNext  
12.00 М/ф. «Шенячий патруль»  
12.40 Серік Ибрагимовтың шығармашылық кеші  
14.40 «Аға» көркем фильм  
17.10 Х/ф. «Статья на двоих»  
19.10 Ел аузында  
21.00 Т/х. Үмітінді үзбе»  
23.00 Х/ф. «Исчезновение Элиз Крид»  
02.30 «Күлдірген» әзіл-сықақ

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Вне времени»  
06.50 Тамаша сити  
07.45 Басты жаңалықтар  
08.30 Ұшқалақ  
09.00 Сериал «Парфюмерша-2»  
12.50 «Фабрика грез»  
13.15,22.00,02.25 Паутина+  
14.25,03.10 Кешкі кездесу  
15.45 Сериал «Солнечное затмение»  
20.00 «Главные новости»  
20.30,23.00 Сериал «Березка»  
00.10 Х/ф. «Спецназ города ангелов»

### КТК

07.00 ҚР Өнұраны  
07.05 Т/х «Құдалар-2»  
08.00 «Мерекелік концерт»

11.10 Құтқару қызметі  
11.30 Д/ф «Ф.Оңғарсынова»  
12.00 Бағбан  
12.25 Балдаурен  
13.05 Цикл «Зеленый список».  
13.30 Концерт «Өнім менің жан серігім»  
15.15 К/ф «Мұстафа Шоқай»  
17.45 Концерт «Өнерім менің өмірім»  
19.00 Спорт тайм  
19.30 Балдаурен  
20.15 Полицейская служба  
20.30 Апта  
21.30 Апта /рус/  
22.20 К/ф «Жерұйық»

### 31 КАНАЛ

06.00 Алдараспан, нысана, шаншар  
08.00 «Шаншар, өнер қырандары»  
09.00 М/с «Маша и медведь»  
10.00 «Большой закуп»  
10.30 «Суперсемейка»

08.20 «Біздің концерт»  
09.30 «Кривое зеркало»  
11.10 Х/ф. «Держи меня за руку»  
15.00 Х/ф. «Ноты любви»  
19.00 Қ.Рахымның ән шашуы  
21.00 Х/ф. «Счастливая жизнь Ксении»  
01.00 «Спасите нашу семью»  
02.30 «Тіршілік түйткілдері» көркем фильм  
03.50 Т/х. «Құдалар-2»  
04.40-05.40 «Біздің концерт»

### ЖЕТИСУ

07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 Мультфильм  
10.10 Өн әлемі  
10.30 Ел мен жер  
11.00 Телесериал «Елес қыз»  
11.35 Д/ф «Жорға дуадақ»  
12.00 Шашу  
12.50 Net.laik  
13.00 Болмыс  
13.50 Концерт «Сыйласайық»  
15.30 К/ф «Батыр Баян»  
17.00 Жаңалықтар  
17.20 Новости  
17.35 Монолог  
18.00 Концерт «Өмір өзен»  
19.35 Құтқару қызметі  
19.50 Д/ф «Д.Багаев»  
20.00 Ауылдағы ағайын  
20.30 Жаңалықтар  
21.00 Бағбан  
21.30 Новости  
22.00 «Мелодия кидс» тобының концерті  
23.00 Жаңалықтар  
23.25 Новости  
23.50 Өн әлемі

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Өнұраны  
06.00,02.00 Ризамын  
07.00,03.00 Әзіл студио  
08.00,00.30,04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері  
09.00 М/с. «Маша и медведь»  
09.20 Кулинарная программа «Готовим с Адель»  
10.00 Кулинарная программа «Готовим с Адель»  
10.40 «Анашым біз үйдеміз»  
12.00,22.00 Дайджесты «Тематические»  
14.50 М/с. «Супер семейка»  
17.30 М/ф. «Тачки»  
20.00 М/ф. «Тачки-2»

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»  
07.00 Қуырдақ  
07.30, 03.30 Гу-гулет  
08.00 «Айнаонлайн»  
08.30 М/с. «Әуежай»  
09.00 М/ф «Леди Баг и Суперкот»  
10.40 Х/ф. «Три гафкатера»  
12.40 Х/ф. «Эспен в королевстве троллей»  
15.00 «Саясаттандырылмаған дықтарыңыздан»  
15.30, 03.00,04.00 Скetchком «Q –елі»  
16.00,20.25 Salem Show  
16.30 Т/х. «Әкесінің баласы»  
18.10 «Күлкістан» концерт  
20.00 «Теле Бинго»  
21.00 Лотерея «777»  
21.05 Х/ф. «Рокки-Бальбоа»  
23.30 Х/ф. «Наследие Рокки»  
02.20 КЗландия  
05.00 Жеңіп көр!

13.10, 22.30 «Дайджесты»  
14.10, 16.50, 19.00 М/ф Тачки  
21.00 «Анашым, біз үйдеміз!»  
00.00, 04.30 Ризамын  
03.00 Әзіл студио

### 7 КАНАЛ

06.00 « Қыздар арасында»  
07.00 «Қуырдақ»  
07.30,16.00 «Гу-гу-лет»  
08.00, 03.30 «Айнаонлайн»  
08.30 М/с «Әуежай»  
09.00 М/ф «Леди -баг и Суперкот»  
10.50 Сериал «Красавчик»  
15.00, 03.45 Скetchком «Q-елі»  
15.30, 03.00 Т/х «Япырай»  
16.30 «Саяхаттандырылмағандықтарыңыздан»  
17.00 Т/х «Әкесінің баласы»  
21.00 Лотерея 777  
21.05 Х/ф «Терминатор»  
23.10 Х/ф «Вспомнить все»  
05.00 Жеңіп көр

ЖИЫН

# МЕДИАТОР МАРАПАТТАЛДЫ



Талдықорған қалалық сотында «Медиация күні» мерекесіне арналған жиын өтті. Онда соттың судьялары кәсіби медиатор Шынар Бектасованы төл мерекесімен құттықтап, игілікті де ізгілікті жұмыстарына табыс тіледі.

Айтулы күнді мерекелеудің негізгі мақсаты – Елбасы Н.Назарбаевтың халқымыздың бірлігі мен тұтастығын сақтау саясатын және сот жүйесінде медиация институтын дамыту мақсатында, дауларды сотқа дейінгі және соттан тыс реттеу институтының қолдану аясын кеңейту мақсатында қолданыстағы бітімгершілік рәсімдерді дамыту – дауларды реттеу және азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіре түсу болып табылады. Сонымен қатар, медиатор деген кім екені жайлы тағы да назарға сала кету болды. Атап айтсақ, медиатор (бітімгер) – тараптардың дауларын реттеу мақсатында олардың арасында бітімгерлік рәсімдерді (медиация) жүзеге асыратын дербес жеке тұлға. Бітімгерлік рәсімдерді жүргізетін медиатор тараптардың тең құқықтылығы мен әділеттілігін сақтауы тиіс. Басты қағида – еріктілік және медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы.

Жиынның соңында кәсіби медиатор Ш.Бектасова атқарған қалтқысыз қызметі үшін Талдықорған қалалық соты төрағасының міндетін атқарушы Б.Турусовтың атынан құрмет грамотасымен марапаттады.

Ш. БАТЫРОВ.

## ЖҮЗДЕСУ

ХАЛЫҚТЫ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫ ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ҰНТАЛАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА 2017 ЖЫЛДАН БАСТАП «НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУТУДЫҢ 2017 – 2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ЕҢБЕК» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ» ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕТІНІ БАРШАҒА АЯН.

Бұл тұрғыда қазіргі кезде айтарлықтай жұмыстар атқарылып жатқаны белгілі. Осы игі шараның Текелі қаласында қандай деңгейде жүргізіліп жатқандығы жайлы және жергілікті тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын өткізу мақсатында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастамасымен жұртшылықпен жүздесу ұйымдастырылды.

Аталмыш бағдарлама бойынша қалада атқарылып



# ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

жатқан жұмыстар жайлы жергілікті тұрғындар алдында «Текелі қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Кәмшат Жантекеева егжей-тегжейлі әңгімелеп берді. Оның сөзінше, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ағымдағы жыл басынан жұмыспен қамту белсенді шараларына 609 адам қатысса, оның ішінде: жастар саны 224, мүгедектер саны 16, табысы

аз азаматтар саны 42 және пробация қызметі есебінде тұрғындар саны 10 адам. Бағдарлама 4 бағыт бойынша жүзеге асырылмақшы. Өз сөзінде мекеме басшысы әр бағыт бойынша жеке тоқталып, түсіндіріп берді. Жиын соңында қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұйымдастырушылар тарапынан тұщымды жауаптар алды.

Ш. ХАМИТОВ.

## СОТ ЖҮЙЕСІ

# ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНГІЗУ



Сот жүйесінде заманауи технологияны енгізу, қолдану - азаматтардың сот төрелігіне қолжетімдігін жеңілдетудің және ашық етудің жолдары. Осындай жаңашылдықтың бірі «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі болып табылады. Құжаттарды беру шартта-

рына сәйкес «Сот кабинеті» сервисіне тіркелген әрбір тұлға электронды құжаттарды беру жүйесін пайдаланушы болып саналады. Жеке тұлғалар мен олардың өкілдері және заңды тұлғалардың өкілдері сотқа электронды құжаттарды «Сот кабинеті» сервисінде орналастырылған электронды нысандарды толтыру

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алған кезден бастап, заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытында көптеген игі жұмыс атқарылды. Қазіргі заман талабына сай сот жүйесінде болып жатқан елеулі өзгерістер ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

арқылы беруге құқығы бар. Ол үшін аталған тұлғаларға «Сот кабинеті» сервисінде тіркелу қажет. Тұлға тіркелу кезінде қолдану шартымен танысады. Тұлғаның қолдану шартын қабылдауы «Сот кабинеті» сервисі арқылы құжаттарын электронды түрде алуға келісім беретіндігін білдіреді.

Пайдаланушыға қағаз түріндегі құжаттар оның тиісті қызмет көрсету сервисі арқылы электронды өтініш берген жағдайда жолданады.

«Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы сотқа электронды құжаттар беру тәртібін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне оларды қабылдау, тіркеу және өңдеу тәртібін реттейді. Берілетін құжаттарға «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық

сервисі арқылы сотқа электронды құжаттар беру тәртібі туралы нұсқаулықта көрсетілген белгілі бір талаптар қойылады. Сотқа берілетін құжаттар мәтіндік пішінде және әрбір құжат электрондық құжаттарды беру жүйесіне жеке файл түрінде жүгіндірілуге тиіс екенін ескеру қажет. Жеке және заңды тұлғалар өздеріне қолайлы, кез-келген уақытта үйден шықпай-ақ, онлайн режимінде интернет арқылы «Сот кабинеті» сервисіне электронды түрде талап арызын, шағым және сұраныс беріп, оның орындалу барысын қадағалап отыруға мүмкіндік алады.

Бұл әрине біріншіден, уақытты тиімді пайдалануға, екіншіден қаражат шығынын үнемдеуге септігін тиізеді.

Елбасы Н.Назарбаевтың Ұлт жоспары - 100 нақты қадамында

көрсетілген барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу жұмыстарын, сот жүйесіне енген жаңашылдықтардың тағы біріне жатқызуға болады. Сот процестерін бейне және таспаға жазудың тиімділігі мен маңыздылығы сот төрелігін іске асыру барысында ешқандай бұрмалаушылықсыз, бейтараптылықпен жүргізілуін қамтамасыз етеді. Бұл сот ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етіп, халықтың сот төрелігіне деген сенімін нығайта түсері анық. Аталған жаңашылдықты қағаз бастылықтың қысқаруына септігін тигізіп, бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік тудырды. Сот жүйесіне жаңашылдықты енгізе отырып, оның тиімді тұстарын жұмыста қолданып, жетілдіру баршаның міндеті.

Нұржан ҚАДЫРБЕК,  
Алатау облысының  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық сотының судьясы.

# ТАБЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында осы жылдың I-жартыжылдығында «Түнгі сот» пилоттық жобасы бойынша барлығы 190 әкімшілік іс қаралды.

Сот тарапынан «Түнгі сот» пилоттық жобасының іске асуы тақырыбында Талдықорған ҚПБ, Текелі ҚПБ, Ескелді АПБ, Көксу АПБ әкімшілік іс тәжірибе бөлімінің басшыларының қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ал жоба іске асырылған уақыттан бері жалпы тәртіппен қаралған әкімшілік істердің саны қысқарды. Мұның өзі сот төрелігін жүзеге

асырудың нәтижелеріне оң әсер етті. Судьялардың күндізгі уақыттағы жүктемесі азайды. Осыдан барып әлдеқайда күрделі істер бойынша жұмыстың сапасы жақсарып, өзге істер бойынша апелляциялық шағымдардың саны кеміді.

Жоба енгізілмес бұрын жолкөлік оқиғалары бойынша әкімшілік істер екі ай мерзімде қаралып, кейін сақтандыру төлемдері 100 күн көлемінде қолға тиетін. Әрине, осы уақыт аралығында көлік жүрмей, тараптар үшін көптеген қиындық



туатын. Жобаның айырмашылығы әкімшілік іс бойынша материал 3 күнде қаралады, сотқа қатысушылар сот қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін 15 тәуліктің ішінде өздерінің с а қ т а н д ы р у төлемдерін ала алады. Сот отырысы адамдардың жұмыс уақытынан тыс, яғни, кешкі уақытта өткізіліп келеді. Аталмыш

тәжірибе көрсетіп отырғандай, азаматтар тарапынан оң пікірлер білдіріліп, олар өздерінің еш кезексіз, кешкі мезгілде қажетті құжаттарды толтырып, мәжіліс залына бірден өтетінін айтады.

Сотқа қатысушы жақтардан теріс пікірдің болмауының өзі «Түнгі сот» жұмысының тиімділігі мен қолайлылығын аңғартады. Жоба аясында жұмыс жеңілдеп, адамдардың наразылығы мен даулы жағдайлар санының азаюын байқаған мемлекеттік органдар бірауыздан «Түнгі сот» жұмысын заңды түрде бекітуді қолдап отыр.

Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,  
Талдықорған  
мамандандырылған  
ауданаралық  
әкімшілік сотының төрағасы.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

## ҮМБЕТӘЛІ КӘРІБАЕВ –130

Үмбетәлі ақынның шығармашылығы осы күнге дейін біршама зерттелген әрі Үмбекең көзі тірісінде арабша жазумен жазған екі мың беттен астам қолжазбалары, 7-8 түрлі дәптерлері мен қойын дәптері музей қорында сақтаулы.

«Өлеңге Жамбыл жүйрік, өнге Кенен,

Су жорға Үмбетәлі қара дөнен», - деп кезінде заңғар ақын, қазақ поэзиясының «Құлагері» Ілияс Жансүгіров ақынның шығармашылығы жайлы айтса, қазақтың мүйізі қарағайдай Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтардан бастап, Ғали Орманов, Әбділдә Тәжібаев кейінгі буын өкілдері Серік Қирабаев, Рахманқұл Бердібаев, Сағынғали Сейітов, Нысанбай Төреқұлов, Мырзатай Жолдасбеков, Уәлихан Қалижан бүгінде көздері тірі Жүрсін Ерман, Орысбай Әбділдәұлы, Нағашыбек Қапалбеков, Надежда Лушникова тағы басқа. Осы аталған ақын-ғалымдардың пікірлері Үмбекеңе арналған «Толық жинағында», 2009-жылы шыққан 2 томдығында, 2014 жылы шыққан 3 томдығында көрініс тапқан. Ал енді Үмбетәлі ақынның Қытайға барғандығы жайлы, Таңжарық ақынмен жолыққандағы туралы деректер там-тұмдап қана кездеседі. Ондай әңгімелерді біз сол кездегі көз көргендерден ақынның туған қыздары Зейнеп пен Дәмегүлдің айтуынша білеміз. Үмбетәлінің Қытайға сапары тікелей замандасы, досы, қоғам қайраткері Ораз Жандосовпен байланысты. Ал енді Ораз Жандосов кезінде Сталиндік саясаттың құрбаны болып атылып кеткендіктен, Үмбекеңнің ол туралы жазған өлеңдері сақталмаған. Әрине сол кездегі қоғамдағы саясатқа байланысты болуы әбден мүмкін. Үмбетәлінің жазған өлеңдеріне, қол жазбаларына қарап саясаттың салқынымен аяусыз түзелгенін кейбір сөздері сызылып қызыл сиямен өзгертілгенін оның музей қорында сақталған арабша қолжазбаларынан көреміз. Соны көре тұра Үмбекеңнің Ораз Жандосов туралы өлеңі сақталуы мүмкін еместігіне көз жеткіземіз. Ал енді ақынның көзін көргендер мен қыздары Зейнеппен Дәмегүл апайлардың айтуынша, Үмбекең 1928-1932 жылдары Нарынқол, Кеген өңірінде көп болғанын, тіпті Ораз досының қалауымен Қытай асып, үдере көшкен қазақтарды еліне қайтаруға ат салысқанын, там-тұмдап болса да айтып отыратын дейді. Ақынның үлкен қызы Зейнеп, менің туған анам арнайы оқымаса да көзі ашық көкірегі ояу адам болатын. Әсіресе әкесі Үмбетәлінің көптеген өсиет өлеңдерін жатқа білетін. Ол кісіден де Үмбекеңнің Оразбен достығын, талай рет Кеген Нарынқол асып Қытайға барғандығын өз құлағымызбен естіп өстік. Сол жерде қазақтың дарынды бір ақынымен жолыққанда айтатын дейді. Бәлкім ол Таңжарық ақын болар. Үмбетәлі Кәрібаев музейінде өте көне қолдан жасалған домбыра сақтаулы. Ақын музейінің алғашқы меңгерушісі ақын, ҚР қайраткері Н.Лушникованың сөзінше, ол домбыраны Қытай сапарында Таңжарық Үмбетәліге беріп, өзі оның домбырасын алған. Қысқасы екі ақын бір-бірімен домбыра алмасып достасқан. Бұл шамамен 1930-1932 жылдар болуы керек. Ал енді бүгінде көзі тірі жасы 87-дегі Үмбетәлінің қызы Дәмегүл апаймен әңгіме төмендегідей өрбиді.

— Әкем Үмбетәлі Ораз Жандосовпен дос болған. 1928-1932 жылдары Кеген, Нарынқолға Оразға талай рет қыдырып барған. Тіпті 1937 жылы Ораз Жандосов, Үмбетәлі Алматыдағы үйіне шақырып, арнайы қой сойып қарсы алып: «Менің де басыма қатер төніп келетіндей. Бұл біздің соңғы кездесуіміз шығар» депті. Әкеміздің айтуынша Ораздың үйі сол кездегі қазіргі көк базардың маңы болыпты. Сондай-ақ, оның екі баласы бар екенін де айтқан. Оразбен менің әкем Үмбетәлінің таныстығы біздің кейінгі өгей анамыз Үмбекеңнің жары Мәриям Бекбаулы қызына да байланысты. Біздің туған анамыз Әзипа ерте қайтыс болып кеткен екен. Содан әкемізді Ораз Жандосов 1937 жылы қырғыз елінен келген жас келіншек Марияммен таныстырады. Өйткені Мариям апамыздың күйеуі Аубакиров деген азамат қырғыз елінде жүріп репрессияға ұшырап, Мариям бас сауғалап



# ҮМБЕТӘЛІНІҢ ҚЫТАЙҒА САПАРЫ

*Биыл өлеңнің «қара жорғасы» атанған халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың туғанына 130 жыл. Үмбетәлі ақынның туған немересі ретінде әрі ақын музейінің меңгерушісі ретінде Үмбетәлінің өмірі мен творчествосы жайлы көптеген дерек жинауға, оны зерттеп зерделеп, халыққа жеткізуге тура келеді. Әрі ол біздің тікелей жұмысымыз.*

Қазақстанға өтеді. Күйеуі Аубакиров (атын ұмытып отырмын) Оразбен таныстығы бар екен. Кейіннен сен бұл қазақ жерінде тыныш өмір сүрем десең атақты ақын Үмбетәліге тұрмысқа шық. Сонда сені ешкім мазалай қоймас дейді. Мәриям апамыз ол сөзге келісіп, Үмбекеңмен танысып бір-екі жыл араласып жүріп, 1939 жылы біржола ақынға тұрмысқа шығады. Мәриям Бекбаулықызы өте әдемі, орысша, қазақша, қырғызша таза сөйлейтін білімді адам болатын. Өпкем Зейнеп екеуімізге өте жақсы қарап, тіпті балаларымызды өз немерелеріндей бағып-қағып өсірді, - деген Дәмегүл апай әңгімесінде Таңжарық жайлы да тоқталып өтті. «Таңжарықтың әйелінің атын Бәти деп естігенмін. Олардан туған қыздың аты Сара болуы керек. Мен өмір бойы ҚазПИ-де мұғалім болып істеп, жұмыс бабымен Алматыдағы №4 мектеп-интернатқа студенттерді практикалық жұмысқа апаратынмын. Сол жерде Таңжарықтың қызы Сара қазақ тілі мен әдебиеттен сабақ береді екен. Мен физика пәнінің маманымын, сондықтан етене араластым деп айта алмаймын. Өрі ол кезде әкем Үмбетәлі мен Таңжарық

жайлы ел кейін сұрайды-ау деген ойыма да кірмепті. Тіпті қызығы олармен біз Алматыда көршілес тұрыппыз, олар бұрынғы Гоголь мен Бәрібаевта тұрса, менің үйім Бәрібаев №58. Бірақ іздеп жүріп етене араласпағанымызға өкінемін. Ал Сараның күйеуі, яғни, Таңжарықтың күйеу баласы қытайдан келген Бұқара Тышқанбаев деген ақын деп естігенмін. Бірақ ол кісіні көрген жоқпын. Ал Сараны сырттай көргенім бар».

Ал енді Үмбетәлінің қытайда болғандығы жайлы Үмбетәлі ауылының тұрғыны жасы 90-нан асқан Әшірқын Усманов ақсақал былай деп әңгімелейді: «1960-жылдары біз Қытайдан Қазақстанға көшіп келдік. Бізді Киров колхозына, қазіргі Үмбетәлі ауылына әкеліп қоныстандырды. Мен Қытайда жүргенде сол жаққа Үмбетәлі деген ақын келіпті деп естігенмін. Үлкендер жағы оның ақындығы жойқын екен деп жыр қылып айтып жүретін. Бірақ өзім көрдім деп айта алмаймын. Кейіннен Үмбетәлінің ауылына тағдыр айдап көшіп келгеннен соң қызығушылықпен Үмбекеңмен танысып келді. Ол кезде қылшылдаған жаспын, бірақ аты-жөні дардай атақты ақынның алдына баруға жүрегім дауаламады. Со-

дан өзіммен құрдас сол ауылдың жігіті Жұмабеков Қожанға ойымды айтып едім, ол: «Ой, сол да сөз болып па, Үмбекең менің немере ағам. Қазір-ақ апарып таныстырайын», - деді. Сөйтсем Қожан мен Үмбекең шынымен-ақ немере ағайын екен. Кешкі жұмыстан соң Қожан мені ертіп қазіргі ақынның музейі тұрған жердегі ескілеу үйге апарды. Барсақ ақын төсекте қисайып жатыр екен. Аман-саулықтан соң Қожан: «Ата, мына Әшірқын деген жігіт Қытайдан келген қазақ. Сол жақта жүріп сіздің атыңызды естіп танысуға келіпті», - деді. Үмбекең маған біраз қарап тұрып: «Иә, қай елдің баласысың, аты-жөнің кім деп, бірден былай деп тапқататып жөнелді. Сол сөз әлі күнге дейін көкейімде жатталып қалыпты.

Аманбысың, Албаным,  
Ұлы жүзде ардағым.  
Сенің ата-жұртыңа,  
Өлденеше барғанмын.  
Үйір-үйір жылқысын,  
Өлең айтып алғанмын,  
Ата ұлы келгенде,  
Әй, кемпір-ау, алып кел,  
Кешегіден қалғаның».

Міне Үмбетәлі мен Таңжарық ақынның байланысы олардың қытайға сапары көне көздерден сұрап білгендеріміз осылай өрбиді.

Сөз соңында Үмбетәлінің Ораз Жандосов жайлы айтқан бір ауыз өлеңін келтірейік. Бұл өлең Жаңақұрылыс ауылының тұрғыны Сыдық Үдербаевтың баласы Нұрдәулеттің аузынан жазып алынды. 1938 жылы Үмбетәлі Жаңақұрылыстағы Сыдық деген азаматтың үйінде қонақта отырады, сол кездегі ел

сыйлысы Әміре Шәріпбаев, Тұрлыбек деген кісілермен өткен-кеткенді әңгімелеп отырады. Әміренің Ораз Жандосов, Ілияс Жансүгіровтермен аралас-құраластығы бар екен. Соны естіген НКВД қызметкерлері Әмірені тұтқындауға келіпті. Әміре отырғандармен қоштасып, Үмбетәліге жалт қарағанда Үмбетәлі дем арада былай бір шумақ өлең айтқан екен.

Атаңыз Еділ, Жайық, Шолақ-қасқа,  
Жігітке не күн тумас түссе басқа.  
Атақты ел сыйлаған Әміре едің,  
Дәм айдап сен де міне кеттің босқа.  
Барасың босқа айдалып сен де міне,  
Сәлем айт Ілияс, Ораз ерлеріме....

Өлеңді ары қарай айтқызбай жендеттер Әмірені тұтқындап алып кетеді. Нұрдәулетке әкесі Сыдық осы өлеңді айтып кеткен екен. Әміре сол кезде ел басқарған игі жақсылармен араласқан адам болса керек. Бірақ, артында ұрпақтары бар-жоғын біле алмадық. Сөзімізді Үмбетәлінің шамамен 1938-1940 жылдары жазған «Қытай халқына» деген өлеңімен қортындылауды жөн санадық.

### Қытай халқына

Арнаулы хат, аз өлең,  
Мао Цзе-дун бастаған,  
Қаһарман Қытай халқына.  
Бейбітшілік сүйетін,  
Әйел, еркек, ұл мен қыз,  
Түгелдей тегіс жалпына.  
Өлтіре соққы беріңдер,  
Ескіліктің салтына.  
Тұншыққан тұнжыр түнектен,  
Көштің бүгін көркейіп,  
Жаңа өмірге талпына.  
Тап жауларын талқандап,  
Ілгерілеп қадамың,  
Алға бастың артыла.

Әуелбек ЫСҚАҚОВ,  
Үмбетәлі музейінің меңгерушісі.

## ЭФФЕКТИВНОСТЬ «СУДЕБНОГО КАБИНЕТА»

В последнее время ведется активная работа по безбумажному варианту документооборота использованием новых технологий в судах с помощью электронного информационного сервиса «Судебный кабинет». Большую популярность приобрел данный сервис в связи с этим увеличилось количество пользователей сервиса «Судебный кабинет», который способствует упрощению судопроизводства посредством электронного взаимодействия, а также обеспечение оперативности, доступности и прозрачности судебной системы. Для получения доступа к сервисам необходимо авторизоваться либо зарегистрироваться имея при этом ключ ЭЦП.

Сервис предназначен для подачи электронных заявлений, ходатайств и жалоб по гражданским и уголовным делам. Вместе с предложениями пользователей электронного информационного сервиса «Судебный кабинет» растут и виды сервиса так например на сегодня имеются сервисы по гражданским делам: 1/заявления искового, особого искового, особого производства; 2/ заявления о вынесении судебного приказа; 3/ подача заявлений по инвестиционным спорам; 4/ ходатайство об ознакомлении с копией аудио-видеозаписи.

К ним же прикреплены документы по делу это отзыв, встречный иск, подача замечаний на протокол, краткий протокол, содержание аудио-видеозаписи судебного заседания /главного судебного разбирательства, заявления о продлении и восстановлении пропущенного срока, заявления о выдаче исполнительных листов на принудительное исполнение арбитражного, третейского суда и иностранных судов, подача ходатайств, заявления об обеспечении иска, заявления об отмене обеспечения иска, заявления о выдаче копий судебных актов, заявления о выдаче дубликата исполнительного листа, заявления о направлении исполнительного листа в органы юстиции либо частному судебному исполнителю, заявления об отмене заочного решения, заявления об отмене судебного приказа, заявления об отмене решения вынесенного в упрощенном порядке, отправка заяв-

ления на возврат государственной пошлины, заявления об отложении судебного процесса.

Сервис пересмотр судебных актов имеет следующие шаблоны: Апелляционная либо частная жалоба, ходатайство о пересмотре судебных актов в кассационном порядке, пересмотр судебных актов по вновь открывшимся обстоятельствам.

Произвести онлайн оплату государственной пошлины можно через сеть интернет с любого удобного для пользователя места. При подаче заявлений нужно правильно выбрать один из сервисов для дальнейшей регистрации его в судах, указать свой ИИН и номер сотового телефона, вложить необходимые документы, выбрать судебный орган в который адресуйте заявление.

На сегодня в сервисе судебный кабинет доработан функционал предоставляющий возможность внесения сведений по доверенным лицам указанным в форме доверенности при получении электронной цифровой подписи на юридическое лицо. Данный функционал упрощит механизм доступа к судебным делам структурных подразделений госорганов будет способствовать осуществлению контроля со стороны центрального государственного органа.

**Мадина АХМЕТЖАН,**  
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

## ОТКРЫЛСЯ ПЕРВЫЙ КРЫТЫЙ БАССЕЙН

В настоящее время в связи с возрастающей потребностью населения в отдыхе и восстановлении сил, большое значение имеет развитие туризма. Из года в год количество туристов, посетивших Алматинскую область, неуклонно растет. В связи с увеличением спроса на турпродукт в виде детских лагерей, туристических выездов в горы, отдых на летних площадках с бассейнами, г.Текели является самым подходящим местом для такого туризма.

Одним из них является торгово-развлекательный центр «Швейцария», расположенный в моногороде Текели. На территории комплекса имеется гостиница, ресторан, магазин, финская сауна и 3 летних бассейна. Для того, чтобы комплекс функционировал не только летом, компания построила современный крытый плавательный бассейн, со всем необходимым оборудованием.

Так предпринимательница Жибек Бектурова из г.Текели воспользовавшись льготным кредитованием, получила кредит под 6,5% годовых в ДБ АО Сбербанке по Программе регионального финансирования субъектов малого и среднего предпринимательства Алматинской области. На полученные средства она построила теплый ангар с бассейном.

Программа реализуется для проектов Алматинской области. Основные условия региональной программы поддержки предпринимателей, является соответствие проекта приоритетным отраслям. В фонде «Даму» любой начинающий и действующий предприниматель может подробно получить консультацию и услуги по сопровождению проектов в банки второго уровня до принятия решения совершенно бесплатно.

Телефоны для справок: 8 (7282) 55 87 10.

**Ш. ХАМИТОВ**



## ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА В КАЗАХСТАНЕ

В современном Казахстане гендерная политика равенства проводится в соответствии с Конституцией РК. Так, п. 2, ст. 14 Конституции РК гласит: «Никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам».

Казахстан присоединился к важнейшим Конвенциям и Декларациям ООН и других международных организаций по правам женщин, что способствовало улучшению ситуации в сфере реализации политических прав женщин, преодолению скрытой и открытой гендерной дискриминации. Особенно важным с точки зрения реализации политических прав казахстанских женщин является присоединение страны к Конвенциям ООН «О ликвидации всех

форм дискриминации в отношении женщин», «О политических правах женщин», «О гражданстве замужней женщины». Также Казахстан подписал ряд актов Международной организации труда, касающихся прав женщин и детей.

Возрастание роли и значение женщин в экономике и политике является одной из закономерностей современного исторического развития. Те страны, которые наиболее использовали женский потенциал развития (Швеция, Соединенные Штаты Америки, Австралия, Финляндия, Канада, Бельгия, Дания и т.п.), являются наиболее высокоразвитыми, устойчивыми и стабильными в своем развитии. На постсоветском пространстве Казахстан имеет наиболее высокую возможность использования женского потенциала развития. Использовать эту возможность в полной мере - задача современной политики.

Концептуальной базой гендерной политики в

Казахстане является Концепция государственной политики улучшения положения женщин. Концепция определяет основные принципы, приоритеты и задачи гендерной политики в Казахстане. К задачам гендерной политики в Казахстане относятся: достижение сбалансированного участия женщин и мужчин во властных структурах; обеспечение равных возможностей для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижения по службе; создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье; свобода от насилия по признаку пола. Концепция гендерной политики в Республике Казахстан рассчитана на долгосрочную перспективу (до 2030 г.).

На сегодняшний день в Казахстане сложилась целая система институциональных механизмов, предназначенных для защиты прав женщин и повышения их статуса. Эти механизмы постоянно развиваются и

совершенствуются, а их деятельность во всех сферах жизни становится все более действенной и эффективной.

Повышения доли участия женских рабочих рук в производственном процессе, ее все большей востребованности и значимости в эпоху информационных технологий, не менее, а то и более значимыми становятся традиционно женские сферы трудовой деятельности - образование, здравоохранение, культура. От их таланта, профессионализма, компетентности и старания будет во многом зависеть формирование необходимых качеств субъектов экономической и социальной деятельности для перехода общества в новое состояние. Именно в руках женщин как никогда ранее, будущее страны. И оттого, насколько полно будут использованы в нашей обществе возможности и способности женского субъектного потенциала, будет во многом определяться место и роль казахстанского государства в мировой экономике и международной политике.

**Бейбит ТУРУСОВ,**  
судья Талдыкорганского городского суда.

## ПОЗДРАВИЛИ ЮБИЛЯРА



Как сообщила пресс-служба Алматинского областного суда судебный корпус Алматинского областного суда поздравил председателя судебной коллегии по уголовным делам Советхана Сакенова с 60-летним юбилеем.

Поздравления от имени заместителя Председателя Сената РК Бектаса Бекназара и Председателя Верховного Суда Жакипа Асанова озвучил в своей речи председатель областного суда Елис Абдыкадыров.

Свои пожелания выразил особый гость торжества экс-председатель Союза судей РК, ныне судья в отставке Серик Байбатыров.

После всех поздравлений, заместителями акимов Алакольского и Аксуского районов Советхан Сакеновичу было вручено звание «Почетного гражданина Алакольского района» и «Почетного гражданина Аксуского района».

Также в торжественной обстановке прошла презентация книги Куата Кайранбаева «Ар мен заң алдында», посвященная не только жизни Советхана Сакенова, но и детально описывающая рассмотрение им беспрецедентного уголовного дела по самому крупному в истории независимого Казахстана антикоррупционному делу.

На скамье подсудимых оказались 45 подсудимых, в числе которых были и высокопоставленные чиновники. Дело состояло из 1576 томов, участвовали 35 адвокатов, 5 секретарей судебных заседаний, 6 судебных приставов. Всего по делу было 165 судебных заседаний и 556 свидетелей. По срокам дело рассматривалось около года. Приговор состоял из 7 томов и зачитан Советхан Сакеновым в течение трех часов.

В завершении были вручены книги и сделаны памятные фотографии.

**Ш. БАТЫРХАНОВ**

**В РЕДАКЦИЮ ГАЗЕТЫ ПОСТУПИЛО БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО НА ИМЯ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ АЛМАТИНСКОГО ОБЛАСТНОГО СУДА Е.Н. АБДЫКАДЫРОВА ОТ ЖИТЕЛЬНИЦЫ ГОРОДА АЛМАТЫ Н.А. СМАГУЛОВОЙ, ТЕКСТ ЕГО ПРЕДЛАГАЕМ ЧИТАТЕЛЯМ.**

## ВЫРАЖАЮ ИСКРЕННЮЮ БЛАГОДАРНОСТЬ!

Настоящим письмом, я хочу искренне выразить благодарность судье Специализированного межрайонного суда по уголовным делам Алматинской области Кадырбек Нуржану Боранбаевичу, за качественную организацию судебного процесса и справедливое отношение ко всем участникам процесса, за комплексное и тщательное рассмотрение, грамотную правовую оценку и принятие справедливого решения по уголовному делу №1998-19-00-1/6

в отношении моего отца Смагулова Агыбая, которому была причинена умышленная смерть.

Судья Кадырбек Н.Б., тщательно и внимательно изучал все детали, свидетельские показания, причинно-следственные связи по данному уголовному делу, выслушивая обе стороны в течение всего судебного процесса,

и принял справедливое решение в рамках действующего Уголовного законодательства РК. Действия сравнительного молодого, но квалифицированного судьи Кадырбек Н.Б., проявленные во время всего судебного процесса, можно оценить как пример профессионализма и справедливости законодательной системы в Республике Казахстан. Для нашей семьи, это был очень сложный и морально тяжелый период и вынесенный справедливый приговор убийце дает мне веру в то, что в нашем государстве основной ценностью является жизнь человека и делается все возможное для создания эффективной и независимой судебной системы, отвечающей потребностям современного общества и требованиям правового государства.

**С уважением,**  
**Наркес СМАГУЛОВА.**

## НЕГАТИВНОЕ ЯВЛЕНИЕ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

Коррупция является негативным явлением современного общества, требующим постоянного тщательного изучения, системного подхода, комплексного и оперативного противодействия. Уровень и масштабы существующей в стране коррупции сдерживают экономическое развитие, негативно отражаются на инвестиционном климате, снижают имидж страны, международную заинтересованность в сотрудничестве с Республикой Казахстан. В этой связи борьба с коррупцией является основным приоритетом государственной политики Казахстана. За последние годы в Республике Казахстан сформирована определенная законодательная база для борьбы с коррупцией.

На сегодняшний день проблема коррупции является одним из главных вопросов, актуальных не только для Казахстана, но и для большинства стран мира. Коррупция не знает границ. Понятие «коррупция» часто упоминается в журналах и газетных статьях многих изданий мира. Можно сказать что коррупция - это злоупотребление своими полномочиями в личных интересах. Коррупция оказывает негативное влияние на все сферы общества: политику, экономику, социальную сферу.

Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. В нашем государстве с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией. Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение выработать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Так, нормативная правовая база в сфере борьбы с коррупцией усовершенствована рядом законов, которые приблизили национальное законодательство к существующим международным стандартам. Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

Казахстан первым среди стран СНГ разработал и принял Закон «О борьбе с коррупцией», который направлен на защиту прав и свобод граждан, обеспечение национальной безопасности РК от угроз, вытекающих из проявлений коррупции, обеспечение эффективной деятельности государственных органов, должностных и других лиц, выполняющих государственные функции, а также лиц, приравненных к ним, путем предупреждения, выявления, пресечения и раскрытия правонарушений, связанных с коррупцией, устранения их последствий и привлечения виновных к ответственности, определяет основные принципы борьбы с коррупцией, устанавливает виды правонарушений, связанных с коррупцией, а также условия наступления ответственности.

**Бекмурат ДУЙСЕНБЕКОВ,**  
судья Талдыкорганского городского суда.

АУЫР АТЛЕТИКА

# ЖЕТІСУЛЫҚ ТОЛАҒАЙЛАР ТОҚМЕЙІЛСІМЕЙДІ

**Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт сарайында ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының 5-ші жазғы спартакиада-сы жалауын желбіретті.**

Қазақ елінің барлық аймағынан зілтеміршілердің басын қосқан жарысқа он төрт облыс, үш қаланың ауыр атлетшілері келіп ел чемпиондығын сарапқа салуда. Доданың ашылу салтанатында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жетісу жері толағайлардың мекені десек артық айтпағанымыз. Бұған дейінгі байрақты бәсекеде Алматы облысының зілтеміршілері намысты қолдан бермей жеңіс туын желбіреткен. Олардың арасында Зүлфия Чиншанло, Майя Манеза, Светлана Подобе-дова, Альбер Линдер секілді сайыпқырандар бар. Жұлдызды спортшылардың ізін басқан жас жеткіншектер де өсіп келеді. Бүгінгі таңда атақтары алысқа кетіп, жас болса да әлемдік сында атойлап жүрген жастарымыз жетерлік. Сондай жастың бірі Сайрамкез Сайлаукезұлы, Игорь Сон, Ольга Пастухова секілді мықтыларымыз бар. Аталған спортшылардың барлығы осы жарыста өнер көрсетіп, өз шеберліктерін байқамақ.

Сонымен жарыстың бірінші күні тартысқа толы болды. Түске дейін тайталасқа ерлер шықты. Бірінші болып жарысты 55 келі салмақтағы өнер көрсететін ауыр атлеттер бастады. Сынға түскен он атлетшінің ішінен суырылып алға шығатын екі спортшының атағы жер жарып тұр. Жанкүйерлердің болжамы бойынша шымкенттік атлет чемпион болады деп топшылаған. Ол Олимпиада ойындарына қатысушы, өткен жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері Чонтей Арли болатын. Бірақ оған нағыз қарсылас ретінде тосқауыл болатын жетісулық Игорь Сонды да ерекше атап кетті. Осылайша бәсеке басталды. Жанкүйерлер айтқандай нағыз

тартыс екі атлеттің арасында болды. Жұлқа көтеруде жарыс қожайыны Игорь Сон 118 келіні бағындырса, Чонтей 118 келіге шамасы келмей 115 келімен шектеліп қалды. Серпе көтеруде Игорь 142 келіні басынан асырды. Ал, шымкенттік спортшы болса 135 келіге ғана шамасы жетті. Осылайша қос сайыс қорытындысы бойынша жетісулық Игорь Сон 260 келіні көтеріп чемпион атанды. Чотей Арлей 250 келімен күміске қол жеткізсе, қоланы тағы бір жетісулық Алексей Драздов 235кг. еншіледі.

61 келі салмақта өнер көрсеткендердің ішінен жерлесіміз Тимур Хасаров алтын тұғырдан қол бұлғады. Ол екі сайыстың қорытындысы бойынша 260 келіні өңсерді. Күміске 241 келімен қызылордалық Азамат Төлеген қол жеткізсе, үздік үштікті 240кг. ақмолалық Виктор Надворный құрады.

Қыздар арасында 45 келі салмақта өнер көрсеткен талдықорғандық Юлия Потасова алтын медальді мойына тақты. Ол 145 келіні бағындырды. Күміске 129 келімен жамбылдық Айнұр Абдықалықова қол созса, қоланы ақмолалық Айым Мұхамеджанова (121 кг.) қоржынға тоғытты.

49 келі салмақтың алтыны да Алматы облысына тиесілі болды. Наталья Бедрик (150кг.) алтын алса, күміс Нұр-Сұлтан қаласының бұрымдысы Алтыншаш Оразбектің (150кг.) еншісінде кетті. Қола Ақмола облысының спортшысы Диана Серебрякова (140кг.) бұйырды. Осылайша жарыстың бірінші күні Алматы облысы төрт алтынға қол жеткізді.

\*\*\*

Жарыстың екінші күні үш алтынмен еселей түстік. Ерлер арасында 67 келіде бақ сынаған Анатолий Савельев ешкімге дес бермеді.



Бұған дейін де байрақты бәсекеде атой салып жүрген жетісулық оғлан бұл жолы да жеңісті жұлып алды. Ол қос сайыстың қорытындысы бойынша 296 келіні көтеріп, чемпион атанды. Екінші орынға ақтөбелік Харки Фархад орналасты. Оның еншісінде 295 келі. Үздік үштікті жерлесіміз Сайрамкез Ақмолда құрады. Жас болса да болашағынан көп үміт күттіретін спортшы ересектермен бірдей тайталасқа түсті. 269 келіні көтеріп чемпионаттың қоласын уысына түсірді. 55 келі қыздар арасында Айгерім Ауелбекті ешкім тоқтата алмады. Қаршадай қыз 168 келіні көтеріп, Алматы облысына тағы бір алтынды сыйлады. Ақмолалық Диана Жүсіпбекова (165кг) күміспен күптелсе, шығыс қазақстандық Диана Абдуллаева 157 келімен қоланы қанағат тұтты. 59 келі салмақта сынға түскендердің ішінен Зүлфия Чиншанлоның бағы жанды. Дүбірі асқан додалардың алтынын алып қалған жетісулық ауыр атлетші ел чемпионатының да алтынын ешкімге ұстатпады. Ол 210 келіні бағындырса, шығыстық Елизаветта Белау-сова 180 келімен күміске қол созды. Қола тұғырдан тағы бір жетісулық спортшы қол

бұлғады. Гүлнұр Ыбырай 165 келіні өңсеріп, қоланы еншіледі. 73 келі салмақта Сайхан Тайсуевтің үмітпен қарағанбыз. Өкінішке орай зілтеміршіміз жүлдегерлер санатына іліге алмады. Бұл салмақтың алтыны Қостанай облысының спортшысы Ренат Баударбековтың (302кг.) мойында кетті. 301 келімен ақмолалық Евгений Сорочинский күмісті алса, шығыстық Владимир Васильев (288кг.) қоланы қоржынға тоғытты. 64 келі қыздар арасында алтын тұғырға шығыстық Дарья Павлова (203кг) көтерілді. Күмісті жерлесіміз Махаббат Серікболқызы (190 кг.) еншілесе, ақмолалық Александра Яковлева (173кг.) қоланы қосынбады. 71 келіде өнер көрсеткен жетісулық Анжела Чалкрова (205кг) алтынды ешкімге бермеді. Ақмолалық Екатерина Столяренко (201кг) қанша тырысса да алтынның ауылынан көріне алмай, күмісті қанағат тұтты. Шығыстық Екатерина Быкова (201кг) қоланы қанжығаға байлады. 76 келінің алтыны Алматы облысына тиесілі болды. Алматы қаласының спортшысымен нағыз айқасқа түскен Ольга Пастухова 214 келіні көтеріп, чемпион атанды. Алматылық Арай Нұрлыбекова 213 келімен күміске қол жеткізсе, қола тұғырға қызылордалық Динара Қыпшақбай (181кг) жайғасты. Осылайша 5-жазғы спартакиада ойындарының үшінші күні Алматы облысының зілтеміршілері 9 алтынды жеңіп алды.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

## АЛТЫННАН АЛҚА ТАҚТЫ

Болгарияның София қаласында кадеттер арасындағы грек-рим күресінен әлем чемпионатында ақтөбелік Саматбек Ізімғали алтыннан алқа тақты. Осылайша, қазақстандық кадет араға бес жыл салып әлем чемпионы атанды.



17 жастағы Ізімғали 45 келіге дейінгі салмақта күресіп жүр. Алғашқы айналымда ол Еуропа чемпионы Фарид Садихлимен кездесті. Қазақ палуаны еркін қимылдап, бірінші болып әдісті іске асыра білді. Өзі бірде-бір рет қарсыластың айналына түскен жоқ. Төрешінің бір ескертуі болмағанда Саматбек әзірбайжандыққа ұпай бермейтін еді. Қорытынды есеп - 15:4.

Финалда қазақстандық палуан өзбек Асадбек Бахромовқа қарсы шықты. Жекпе-жек бір минуттың ішінде аяқталды. Саматбек өз қарсыласын таза жеңіспен ұтты.

Бұл чемпионатта қазақстандық кадеттер тағы екі қола медаль иеленген. Олар – Ербол Қамалиев пен Мақсат Сайлау. Ал Саматбек Ізімғали араға бес жыл салып кадеттердің қоржынына алтын медаль салып отыр. Осыдан бір ай бұрын ол Нұр-Сұлтанда өткен Азия чемпионатында топ жарған болатын. Жас қазақ палуанының бапкері – Жарқын Тұрсынов.

БОКС

## ЖЕКПЕ-ЖЕККЕ ШЫҒАДЫ

Халықаралық бокс федерациясы (IBF) қазақстандық Геннадий Головкин мен украин Сергей Деревянченконы орта салмақ дәрежесіндегі титул үшін жұдырықтасуға міндеттеді.



Тараптар төртінші қыркүйекке дейін келісімге келмесе, промоутерлік саудасаттық жүргізіледі. Деревянченконың промоутері Лу Ди Белланың пікірінше, тараптар оған жеткізбей, келісімге келеді.

«Біз сөйлескенбіз, көп ұзамай мәмілеге келетінімізге сенімдімін», - деп ол бұған дейін айтқан болатын.

Жекпе-жек 5 қазанда өтуі тиіс – бұл күнді DAZN платформа алдын ала таңдап қойды, кездесу Нью-Йорктегі Madison Square Garden аренасында болуы ықтимал.

Сонымен бірге IBF еске сала кеткендей, титулға ие болған боксшы алты ай ішінде белбеуді қорғауы тиіс. Чемпиондыққа үміткер IBF рейтингінде орта салмақта көш бастап тұрған былғары қолғап шебері болуы міндетті, қазір ол – поляк боксшысы Камил Шеремета (20-0, 4 КО).

ХОККЕЙ

### ПРЕЗИДЕНТ КУБОГЫ БАСТАЛАДЫ

Бұған қоса еліміз атынан «Барыс» хоккей клубы сынға түседі. Әлем чемпионатына дайындық бірер күннен кейін велортек шеберлері үшін жылдың басты бәсекесі басталады. Жасөспірімдер арасында әлем чемпионатынан жерлестеріміз жүлдесіз қайтпауы керек. Яғни биылғы көрсеткіш өткен жылғыдан төмен болмауы тиіс деген мақсат тұр. Осыған байланысты қазір ұлттық құрама қызу дайындықты пысықтап жатыр. Бірер ай бұрын олар Алматыда оқу-жаттығу жиындарын өткізген. Енді елордадағы велотректе шеберлікті шыңдауға кірісті. Олимпиадалық даярлау орталығының 11 шәкірті тректегі барлық бәсеке бойынша бақтарын сынады. Айта кетейік, биылғы әлем чемпионаты 14 тамыз бен 19 тамыз аралығында Германияда өтеді. Иван Сиваш, ұлттық құраманың бапкері: – Әлем чемпионатына еліміздегі ең үздік спортшылар аттанады. Олар тыңғылықты іріктеліп алынды және бірнеше айдан бері осы жарысқа дайындалып жатыр. Өткен жылы жерлестеріміз бір қоламен оралып еді. Енді биыл кемінде 2-3 жүлде болады деп күтіп отырмыз.

ДӘСТҮРЛІ ДОДА БИЫЛ ҚҰРЛЫҚТЫҚ ЛИГАДАҒЫ ЕҢ МЫҚТЫ КОМАНДАЛАРДЫ ЖИНАДЫ. ЯҒНИ «АВТОМОБИЛИСТ», «АҚ БАРС», «НЕФТЕХИМИК» ЖӘНЕ «САЛАВАТ ЮЛАЕВ» СИЯҚТЫ КОМАНДАЛАР ҚАЗІР АСТАНАМЫЗҒА КЕЛІП, СОҒҒЫ ДАЙЫНДЫҚТАРЫН ӨТКІЗДІ.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

Спортпен айналысудың маңызы зор. Мамандар спортпен шұғылдану үшін алдымен денсаулықты тексертіп алуға кеңес береді.

### СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Себебі денсаулығыңызда ақау бар болса, спортпен абайлап айналысу керек. Оның үстіне жаттығу кезінде ағзадан белгілі бір мөлшерде токсин бөлінеді. Бұл токсиндер тері, бүйрек, бауыр арқылы сыртқа шығарылады. Егер күрделі жаттығулар жасап, адам ағзасына шамадан тыс күш түсірсе, онда зат айналу баяу жүріп, қорында ауруға шалдығады. Қандай спорт түрлері пайдалы?

Адам ағзасына айтарлықтай күш түсірмейтін әрі хобби болып есептелетін би, жүзу және таза ауада коньки, шаңғы, шана тебу, теннис, бадминтон, баскетбол, футбол, хоккей өте пайдалы. Бұл спорт түрлері адамдарды ұжымдаса отырып қимылдауға, ауызбіршілікке дағдыландырады. Егер қоғамнан алшақ, оңаша болуды қаласаңыз, шахмат, дойбы, домино, тоғызқұмалақ ойындарын байқап көріңіз. Жаттығудан кейін бірден тамақтанбаңыз. Аздап демалып, су ішіп, душ қабылдаңыз.

Сұйық тамақтар ішіп, көкөністер мен жемістер жеуге дағдыланыңыз. Егер спортпен айналысуға мүмкіндігіңіз болмаса, онда бір мезгіл жаяу жүруді едетке айналдырыңыз.

СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

ДЕНСАУЛЫҚ



СҮТ ӨНІМДЕРІНДЕ КАЛЬЦИЙ БАР, СҮЙЕКТИ, ТІСТІ НЫҒАЙТАДЫ, БҰЛШЫҚ ЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІН ЖАҚСАРТАДЫ, ҚАННЫҢ ТҮЗІЛУІ ҮШІН ҚАЖЕТ, ТӘННІҢ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРҒА КҮРЕСІН КҮШЕЙТЕДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР СҮТ АДАМ АҒЗАСЫН АРТЫҚ САЛМАҚ ҚОСУДАН САҚТАЙДЫ.

АДАМ АҒЗАСЫНА АСА ПАЙДАЛЫ

1. Сүттің құрамындағы кальций ағзадағы майдың желінуіне әсер етіп және оның жиналуына кері әсер етеді екен. Ал американдық ғалымдар майлылығы аз сүт жүрек ауруларына, әсіресе қан қысымының көтерілуі мен инсультке шалдығуды 50 % кемітеді дейді. Сиырдың сүті несеп ауруларына пайдалы, ойды ұшқырайды, уланғанда көмектеседі. Японияның Ұлттық институты Токио жасаған зерттеулерінің қорытындысы бойынша асқазанның рапкен ауруының болдырмауының алғашқы профилактикасы сүт тағамдарын қолдану болып табылады. Сүтті жетелгенде, суық тигенде ішеді. Адам организмі уланған жағдайда да сүтті қолданады. Ауырған кезді тосып отырмай күнделікті сүтті ішіп отырған денсаулыққа пайдалы.
2. Уыз - жаңа туған сәби мен жас төлдің ауруға шалдықтырмайтын ерекше құрамдар көп бөлшекте болады. Мысалы: белок жай сүтте қарағанда 4 - 8 есе артық, дәрумендер Д, Е, В - 2, РР, В - 12 және темір 3 - 6 есе артық, сонымен қоса минералды элементтер де жоғары болады.
3. Ірімшік құрамында цинк бар. Сүйек және шеміршектің қалыптасуына көмектеседі. А дәрумені, ірімшікте өте көп кездеседі. А дәрумені - көздің көру қабілетін жақсы сақтау үшін қажет.
4. Майлы сүзде фосфор бар. Жүйке жүйесі, мидың қалыпты жұмыс істеуіне қажет, зат алмасу үрдісіне белсене қатысады. Ойлау, еске сақтау қабілетін арттырады.
5. Айранның құрамындағы қышқыл асқазан ауруына пайдалы.
6. Сары май ішкі ағзаны жұмсартыды, әл - қуатты арттырады, дененің қызуын қайтарады. Май ағзаға тек энергиялық қуат үшін ғана емес, пластикалық мақсат үшін де қажет. Ол дегеніміз жаңа клетка құрылымын жасау керек. Адам майлармен бірге А, Д, Е дәрумендерін де алады. А дәрумені - көздің көру қабілетін жақсы сақтау үшін қажет. Ағзаның бірқалыпты өсуін қамтамасыз етеді. Егер бұл дәрумен жетіспесе, адамның жүзі солғын тартады, терісі, шашы құрғақтанып, қабыршықтанады, безеу бөртпелері пайда болып, тырнақтары сына береді, жарықтан жасқанып, көзі күндіз көріп, түнде көрмейді. Д дәрумені - ағзада кальций мен фосфор тұздарын сіңіруге көмектеседі. Бұл дәрумен жетіспеген жағдайда бала мешел ауруына шалдығады. Е дәрумені - бұлшық еттердің қызметін жақсартады. Ол маймен қатар, сүттің құрамында болады. Тортасын айырған майды құрғақ жетел кезінде 1 қасық күніне 3 рет іше жетелді тез басады. Себебі тамақты жібітеді.
7. Құртты өкпе, асқазан, сүйек ауруларына ем және суық тиіп ауырғанда сорпаға қосып ішкен дұрыс. Дәрігерлер қазіргі кезде балаларға құртты үнемі жеуді ұсынады.
8. Сыр кариестің алдын алады. Себебі 60% кальций құрамын күшейтеді. Сілекейді молайту арқылы кариес пен қызыл иекті қабындыратын заттардың пайда болуына кедергі жасайды. Ағзада тез сіңеді. Оның құрамында белок, сүт қышқылы, темір және магний бар. Құрамындағы кальций тұзы мен фосфор сүйек ұлпасы, жүйке жүйесін қоректендіру және қан құрамында гемоглобинді түзеуіне әсер етеді.
9. Сары су қант диабетімен ауырғанда қанттың төмендеуіне әсер етеді. Артық салмақтан арылуға, қан тамырларының кеңеюіне әсер етеді. Сүт тағамдарының адамның ағзасына пайдасы бола тұра қаймақ пен майды көп мөлшерде жеу адам ағзасына зиянын келтіреді. Өте майлы болғандықтан көп мөлшерде қолдану бауырдың ауруына әсер етеді.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ТЕЗ ҮЙРЕНЕМ ДЕСЕҢ...



Көптеген адам шет тілін үйренуді мақсат етеді. Алайда ұзақ уақыт бойы бастай алмай жүреді. «Тілдік барьер» деген түсінікпен танысыңыз ба?

Бұл сөз адамның жат тілде сөйлей алмау қорқынышына анықтама ретінде берілген. Қазіргі заманда ана тілді жетік меңгерген соң өзге тілді

тануға кірісу керек. Бір емес, бірнеше тіл білетін болсаңыз, білікті маман бола аласыз.

**Есте сақтау қабілетіне көмек.** Шет тіліндегі жаңа сөздерді жаттау қиынға соғары сөзсіз. Алайда бәрі сіз ойлағандай қиын емес. Шет тілінде сөйлей білу үшін бар болғаны 300 сөз жаттауыңыз керек. Бұл – ағылшын тілді адамдардың күнделікті пайдаланатын сөздік қорының 65 пайызы. Сол себепті басты, негізгі сөздерді карточка ретінде жазып, жаттап алыңыз.

**Когнаттар.** Когнат дегеніміз әртүрлі тілде ұқсас дыбысталатын сөздер. Мысалы ағылшынның sister сөзі норвег, дат тілдерінде søster, неміс тілінде Schwester, итальянша sorella, французша soeur болады. Ағылшын тілін үйренген адам әдетте итальян, испан, неміс, француз тілдерін тезірек меңгеріп алады. Себебі көп сөзі ұқсас келеді.

**Тілдеу.** Skype – ағылшын тілі ана тілі болып келетін адамдарға тілдесуге мүмкіндік беретін құрылғы. Ғаламторда басқа ұлт өкіліне өз тілін үйретуге дайын адамдар баршылық. Тіл үйрететін арнайы сайттарда әңгімелесетін адам тауып, күнде сөйлесіп тұрсаңыз, тез меңгеріп аласыз. Әрі бұл тегін!

**Тілдік орта.** Күнде ағылшын телеарна, радиоларын қосып, тыңдауды әдетке айналдырыңыз. Youtube-тан сан түрлі видеоблог қарап, құлақты «үйретуге» болады. Әжептеуір тіл түсінетін болған кезіңізде фильмдерді дыбыспен қарауыңызға болады.

АҒАРУДЫҢ

Қалай тез ағаруға болады? Жаздығүні көп адамдар қарайып, күнге күйгенді жақсы көреді. Ал кейбір адамдар үшін денесінің күнге күймей, өз терісінің түсі сақталғаны маңызды. Бетті ағартқан секілді денені ағартатын керемет рецепт бар деп айта алмаймыз. Тек өзіңізге күтім жасап, күйюдің алдын алсаңыз, дене теріңіз өзіңіз қалағандай болады.



оңай жолы

1. Далаға шығар алдында, күн ыстық болса міндетті түрде күннен қорғайтын крем жағыңыз. Бетпен қатар, аяқ-қолға, тіптен денеге жағуға болатын түрлері бар. Күннен қорғайтын крем барлық мәселені шешеді. Беттің секпіл, әжім шықпауынан қорғап, киім жоқ жерде күннің ізі қалып, дененің күйюінен қорғайды.
  2. Ванна қабылдау кезінде арнайы теңіз тұзын пайдаланыңыз. Суға теңіз тұзын сеуіп, ванна қабылдасаңыз, денені кішкене ағартуға септігі тиеді.
  3. Душ немесе ванна қабылдау кезінде денеге арналған скраб қолданыңыз. Дененің артық, өлі терісін алып, түгелдей тазартып, дене терісінің жұмсақ болуына көмектеседі. Егер сол серияның, яғни иісі бірдей скрабпен қоса жуынуға арналған гель түрін қолданаңыз тіптен керемет.
  4. Теріні ағартуға ақ глина көмектеседі. Дайындап, денеге жағып, 10-15 минутқа қалдырасыз. Аптасына 1-2 рет қолдануға болады.
  5. Терінің өдемі әрі жұмсақ болуы үшін арнайы денеге керемет күтім жасау құралдарын қолданыңыз (денеге арналған гель, скраб, маска, крем, т.б.).
- Күнделікті ұйықтар алдында денеге арналған крем жағу да - керемет. Үй жағдайында бетті ағарту:
1. Қиярмен бетті ағарту маскасы. Қиярды тазалап, үккіштен өткіземіз. Қиярдың ортасындағы жұмсақ жаерінен алып, шай қасық лимон шырыны мен жарты ас қасық қаймақ қосып, араластырамыз. Дайын болған масканы бетке жағып, 15 минутқа қалдырып, бетті жуамыз.
  2. Сүт өнімінен бетті ағарту маскасы. Айранды балмен араластырып, жағып, 15 минутқа қалдырасыз да, жуып тастайсыз.
  3. Лимон мен қаймақтан бетті ағарту маскасы. Қою керемет ас қасықпен қаймақ түрін алып, ас қасық лимон шырынын қосамыз. Араластырып, бетке жағып, 15 минуттан соң сумен жуамыз.
  4. Күріш арқылы маска жасау. Күрішті жұмсақ болғанша қайнатып, дайын болған соң, суытамыз. Сосын бетке жағуға болады. Немесе мұз формасына дайын болған күрішті салып, қатырып, мұз ретіндегі күрішпен бетті күртуге болады. Бұдан соң міндетті түрде крем жағу қажет.
- Ескерту: Маска түрлерін аптасына бір рет жасаған жөн



ҚАРБЫЗ

неғұрлым ақшыл болса, ол дәл уақытында жиналған;

Үйіңізге барғаннан кейін қарбызды суға салып көріңіз. Егер суға батып кетсе, ол пісіп, езіліп кеткен.

Ал өз еліміздегі ахуал қандай? Қазақстандықтар кімнің өнімін тұтынады? Астана, Алматы сөрелеріндегі қарбыз Түркістан облысы Жетісай, Шардара, Сарыағаш аудандарының

ТАНДАЙ АЛАСЫЗ БА?

өнімі. Ал Алматы қаласының сыртындағы жол бойында сатылатын қарбыздар Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан елдерінен әкелінеді. Алайда, мұндай жемістердің қауіптілігі аса жоғары болады. Ерте піскен қарбыз маусымында Алматыдағы инфекциялық ауруханаға күн сайын шамамен 20-40 адам ішек ауруымен түседі екен. Сондықтан, қала сыртынан, жолдан қарбыз алмаған жөн. Себебі, ол өнімдер ешқандай санитариялық-гигиеналық нормалардан өтпеген және рұхсатсыз сатылады.

Ең тәтті қарбызды таңдаудағы ресейлік сарапшылардың берген кеңестері мынадай: Міндетті түрде қолыңызбен соғып көріңіз. Қатаң дыбыс – тым пісіп кеткендігінің, ал сыңғырлаған дыбыс – жетілмегендігінің белгісі. • Қураған сабағы – жемістің піскендігін көрсетеді; Қарбыздың қабығы жылтырап, өңі біркелкі болуы керек; Жеміс сыртында күн көзі түспеген жері

Деректер интернет желісінен алынды